

ҚҰРМЕТ

ЛАЙЫҚТЫ БАҒА

Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев энергетика саласының қызметкерлерін марапаттады



Шаһар басшысы Ерболат Досаев энергетика саласының мамандарын кәсіби мереке – Энергетика күнімен құттықтап, оларға құрмет марапаттарын тапсырды.

Қазақстан Президентінің Жарлығымен энергетика саласын дамытуға қосқан зор үлесі үшін еңбек ардагері Нұрахан Сейітқұлов «Құрмет» орденімен марапатталды. Оның кәсіби жолы «Алатау Жарық Компаниясы» АҚ құрамына кіретін Жамбыл аудандық электр желілерімен байланысты. Нұрахан Сейітқұлов ауылдық округтің шеберінен ЖАЭС-тің бірінші басшысына дейінгі жолдан өтті.

III дәрежелі «Еңбек Даңқы» орденімен және «Ерен еңбегі үшін» медалімен «Алматы Қала Жарық», «Алматы жылу желілері», «Алматыжылукоммунаэнерго» және «Алматы электр станциялары» кәсіпорындарының қызметкерлері марапатталды.

Қала басшысы энергетика саласының барлық қызметкерлеріне алғысын білдіріп, олардың Алматы инфрақұрылымын дамытудағы және қала тұрғындарының өмір сүруіне қолайлы жағдай жасаудағы басты рөлін атап өтті.

Қ.ЖҰМАДІЛОВА.

МЕКТЕП АСХАНАСЫ

ЖАҢА СТАНДАРТ –

қауіпсіз тамақтанудың кепілі



Дереккөз: kaz.nur.kz

Соңғы екі жылдан бері Қазақстанның барлық өңірлеріндегі 1–4-сынып оқушылары тегін тамақтануды бастады. Оқушының ыстық тамағы үшін жыл сайын бюджеттен 175 миллиард теңгеден аса қаржы бөлінеді.

рапшылықтың тым көп орын алып жатқаны туралы сын жиі айтыла бастады. Ата-аналардың пікірінше, мектеп оқушысына берілетін тағам заманауи принциптерге сәйкес келмейді. Әрі азық-түлікте қант, тұз, қаныққан май, өңделген тағамдар және жемістер, көкөністер мен сүт өнімдері көп. Сондықтан Оқу-ағарту министрлігі мен Денсаулық министрлігі еліміздің барлық мектебі үшін сапалы, теңестірілген және қауіпсіз тамақтанудың кепілі болатын жаңа стандарт әзірлеу керек деген ортақ шешімге келіп отыр. Қазіргі таңда білім беру ұйымдарындағы ас мәзірінің жаңа жобасы

қоғамдық талқылауға түсіп жатыр.

– Мектеп асханаларында бекітілген ас мәзірі ең алдымен баланың денсаулығына пайдалы болуы керек. Жалпы, оның құрамындағы дәрумендерінің мөлшері қанша болуы тиіс. Осы мөлшерді нақтылап алуымыз керек. Өйткені, әр өңірде ас мәзірі әрқилы. Сондықтан өңірлердің өзіндік ерекшеліктерін де ескеруіміз керек. Солтүстік өңірлердің де өзіндік мәселелері бар дегендей. Осы жағына баса мән беруіміз керек, – деді «Әділдік және өркендеу» қоғамдық қорының мүшесі Әсет Оңалбаев.

Сонымен қатар, Қоғамдық кеңес өкілдері жаңа құжаттың басты ережелерімен танысып, оған қосар өз ұсыныстарын айтты. Сондай-ақ, тамақтану сапасы мен бракераждық комиссиялардың жұмысына баса назар аударып, олардың қызметін жақсарту бойынша ұсыныстарын білдірді.

– Көтеріліп отырған мәселе өте өзекті. Иә, еліміздің барлық өңірінде бірдей стандарт болу керек. Сондықтан әр өңірдегі сарапшылардың да пікірін ескерген жөн. Ең алдымен, тәжірибені, статистиканы ұмытпайық. Менің айтарым, жаңа стандартты алдымен пилоттық режимде белгілі бір өңірге енгізген дұрыс, – деді Қоғамдық кеңестің Білім беру мәселелері жөніндегі төрағасы Рафаэль Гасанов.

Сонымен, енді аз күнде мектеп оқушылары жаңа стандарт бойынша тамақтанатын болады. Балаларды сапалы әрі теңдестірілген тағаммен қамту ең алдымен баланың қауіпсіздігі үшін екені ескерілуі тиіс.

ИНВЕСТИЦИЯ



Дереккөз: kaz.tengrinews.kz

КӨШБАСШЫЛАР
ҮШТІГІНДЕ

Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаевтың қатысуымен Орталық коммуникациялар қызметінің көшпелі брифингі өтті. Онда мегаполис басшысы Алматының 2024 жылғы дамуының алдын ала қорытындысы туралы баяндама жасады. Сондай-ақ, алдағы жылға арналған әкімдіктің жоспарларымен бөлісті. Әдетте әлеуметтік желіде, жалпы ақпараттық кеңістікте жетістіктер жиі жазыла бермейді. Ал әкімнің баяндамасына мұқият зер салатын болсақ, біз елей бермейтін жағымды өзгерістердің бар екеніне көзіміз жетеді.

Қарқынды экономикалық өсім

Ерболат Досаев мәлімдегендей, 2024 жылы қала экономикасы 5,5%-ға өскен. Қатардағы азамат үшін бұл сан ешнәрсе айтпауы мүмкін. Сондықтан осыған ұқсас өзге көрсеткішпен салыстырайық. 17 желтоқсанда Үкімет басшысы Олжас Бектенов Президенттің қабылдауында болды. Онда Премьер-Министр еліміздің жалпы ішкі өнімі қаңтар-қараша айлары аралығында 4,4%-ға өскенін мәлімдеді. Жыл соңына дейін бұл көрсеткіш өсетініне сенеміз. Алайда Алматы қаласы секілді 5,5% өсімді көрсетпейтіні рас. Бұдан Алматы қаласы ел экономикасының драйвері деген қорытынды шығара аламыз.

Тіпті қала әкімі алдағы жылы бұл қарқын сақталып, бұдан да жоғары көрсеткіш тіркелуі мүмкін екенін мәлімдеді. 2025 жылы экономикалық өсім 6,4%-ды құрамақ.

Қала экономикасының өсуіне шағын және орта бизнес те мол үлес қосуда. Қала әкімі мұндай кәсіпкерлерді экономиканың драйвері деп атады. Оның мәліметінше қаладағы жұмыс істейін азаматтардың 85%-ы шағын және орта бизнесте еңбек етіп келеді. Осыған орай биыл қалалық бюджеттен 1,8 мың жобаны қолдау үшін 53 млрд теңге бөлінген. 2025 жылы 71 млрд теңгеге өспек.

1,5 трлн теңге инвестиция тартылған

Қалаға тартылған инвестиция көлемі де тұрақты өсіп келеді. Биыл қаңтар-қараша айлары аралығында негізгі капиталға 1,5 трлн теңге тартылған. Инвестиция тарту бойынша Алматы қаласы өңірлер арасында көшбасшылардың қатарында. Ұлттық статистика бюросының мәліметінше, елімізде қаңтар-қараша айларында 15,7 трлн теңге инвестиция құйылған. Ең жоғары көрсеткіш Атырау облысына тиесілі. 11 айда 1,8 трлн теңге инвестиция құйылған. Екінші орында Астана қаласы – 1,6 трлн теңге. Үштікке Алматы қаласы енген.

Өңірлер	2024 ж., қаңтар-қараша
Атырау облысы	1,8 трлн тг
Астана қаласы	1,6 трлн тг
Алматы қаласы	1,5 трлн тг
Қарағанды облысы	1,1 трлн тг
Түркістан облысы	1 трлн тг

Алматы қаласына құйылған инвестицияның басым көпшілігі өңдеу өнеркәсібіне, білім беру, көлік, денсаулық сақтау, су қамтамасыз ету салаларына тиесілі. Демек инвесторларды осы салалар қызықтырады.

Жалпы әкімдік жыл соңына дейін 2 трлн теңге, ал 2025 жылы 2,3 трлн теңге инвестиция тартуды жоспарлап отыр.

Пердехан
ШӘМШИЕВ,
сарапшы.

Суретті түсірген Н.ГУЛШАЕВА.



САЯСАТ

ШАМ ЕЛІНДЕГІ ШАТАҚ

Сириядағы саяси өзгеріс аймаққа қалай әсер етпек?

Сириядағы саяси жағдайдан көзқаракты жұрт хабардар. Күтпеген жерден Шам жұртында «Ауған сценарийі» қайталанды. Бұған елең етпеген ел аз. Өйтетіні, ондағы талас-тартысқа түмсық тыққан сыртқы күштер о бастан-ақ көп еді. Сирия мәселесі әлдеқашан елдің саяси кеңістігінен шығып, күрделі геосаяси тақырысқа айналып кеткен. Тіпті, Орта Шығыста жарылмаған жара сынды сыздап тұрған бір түйткіл-тін. Енді, міне, «Араб көктемінен» бері жалғасқан азаматтық соғыстың нүктесі қойылып, ел үкіметі аударылды. Ойыншысы көп ойынның нәтижесі де таласты, ықпал көлемі де кең болып келмей ме. Ал бұған дейін болары болып, бояуы сіңген оқиғаларды тізбектеудің орны жоқ. Одан гөрі мәртебелі оқырманға істің себебі мен ендігі салдарын талдап берсек дейміз.

Екі негізгі себеп

Сирия мәселесінің түпкі себебін әр қырынан қарап, әртүрлі уәж келтіре беруге болады. Бірақ соның бәрін ауқымды масштабта біріктірсек, екі негізгі себепті көре аламыз. Оның бірі пісіп-жетілген ішкі себептер, екіншісі сыртқы ойыншылардың мүдделік тартысы. Әуелі ішкі факторларға тоқталайық. Кеше ғана елден қашып, Ресейді паналаған Башар әл-Асадқа билік әкесі Хафез әл-Асадтан мұраға қалды. Әкелі-балалы Асадтардың билігі елді 54 жыл шеңгелінде ұстады. 1970 жылы қарашада болған әскери төңкерісте билікке келген Хафез Асад шииттердің бір тармағына жататын алавийлерден шыққан. Асад әулеті алавийлерді көптеп билікке тартты, әрі мұны билікті ұстап тұрудың ең сенімді кепілі ретінде қарастырды. Ал сириялықтардың басым көпшілігі сүнниттік мұсылмандар саналатын. Міне, осы себеп уақыт ұзара келе билік пен халық арасындағы алауыздыққа, одан наразылыққа, наразылық қақтығысқа, ақыр соңы бітпес өшпенділікке ұласты.

Ішкі себептердің қатарында Асад билігінің шектен шыққан автократиялық



(Дереккөзі: AFP)

жүйесін де алға тартпай болмайды. Әулет билігі өзіне қарсы барлық күштерді жаныштап отыруға тырысты. Қатаң авторитаризмге қарсылық азаматтық соғыс уақытында анық көрініс тапты. Күшті жаныштау күшті қарсылықтың температурасын тұрақты түрде өрлетіп келді. Ақыры бітіспес өшпенділік соңы әулет билігінің аударылып, Башар Асадтың елден қашып кетуіне әкеліп соқты.

Сирияның дәл бүгінгі саяси картинасын салуда сыртқы факторлардың да үлесі зор. Шам елі көп жылдан бері сыртқы күш орталықтарының, ірі державалардың мүдделік тартыстағы алаңы болып келді. Бірақ Сириядағы қайшылықтар жалпы Орта Шығыстағы үлкен ойынның қосалқы қанаты болатын. Тарата айтқанда, Сирия Орта Шығыстың Жерорта теңізіне, одан ары Еуропаға шығатын маңызды өткелі. Бұл геостратегиялық бірегейлік Сирияның өзіне үлкен пайда әкелуі керек еді. Алайда, ірі державалар арасындағы мүдде қайшылығы керісінше бұл өлкені соғыс өртіне орады. Мәселен, Сирия Орта-Шығыстан Еуропаға баратын энергия тасымал құбырына келіп тірелді. Башар Асад режимі барлық тараптың мүддесін тең ұстап тұруға дәрменсіз болды.

Ал Еуропаға мұнай-газ құбырының Орта Шығыстан тікелей жеткізілуі Ресейге тиімсіз еді. Бұл Ресейді үлкен нарықтан айыруы мүмкін еді. Мәскеудің Сирия дағдарысына араласу себебі осы жерде көрінеді. Егер шындап келгенде, Еуропаның энергетикалық тәуелділіктен құтылуы Құрама Штаттар үшін де қолайсыз болды. Түркия бұл елде АҚШ-пен мүддесін ортақтастыра отырып, өзінің аймақтық державалық ойынын ойнады. Аймақта Құрама Штаттардың сценарийі бойынша рөл сомдап отырған Израиль Сириямен

көршілес жатыр. Сол үшін Иран шиит мұсылмандарынан шыққан Асад әулетінің билігін қолдап, өзінің аймақтың үстемдігін алға ілгерлетуге күш салды. Осылайша түрлі ірі және аймақтық державалар өз мүддесі үшін Сирияның азаматтық соғысынан қарпып қалуға күш салып келген.

«Женген хан, жеңілген қарақшы»

Қазір ел билігін «Хайят-Тахрир аш-Шам» қарулы тобы иеледі. Бұл да кезіндегі «Талибан» ұйымы секілді көптеген елде террорлық ұйым қатарында есепке алынған. Оның үстіне сүнниттік бағыттағы экстремистік ұйымның бір кездері «әл-Каидамен» де байланысы бар екені айтылған. Соңғы бірер жылда ұйым өзінің өзгергенін, қатаң діни ұстанымдардан бас тартып, либералды басқару формасына қарай ойысқанын өзінің ақпараттық арналары арқылы байқатып келді. Кей сарапшылар ұйымның бұл әрекетін ел халқының көңілін табу үшін жасаған қадамдары ретінде бағалайды. Қалай болса да Түркияға жақын әрі Анкара ықпалы басым Идлийб қаласына бекінген ұйым сол қала тұрғындарының ықыласын алып үлгергені байқалады.

Қазіргі жағдайда Сириядағы мүддесін қорғап қалғысы келетін тараптар бұл ұйыммен диалог орнатуына тура келеді. Асад режимі құлағаннан кейін сириялықтар бөрікін аспанға атып тойлады. Бірақ бұл қуаныштың баянды боларына еш кепілдік жоқ. Кеше ғана экстремистік бағытты ұстанған ұйымның ресми билікті, оның мемлекеттік аппаратын толық қамсыздай алуына әлі күмән күпті. Соған қоса, Сириядағы сыртқы күш-

тердің мүддесін ортақтастырып ұстап тұрудың өзі үлкен мәселе.

Сирияны не күтіп тұр?

Асад билігінің құлатылуы Сириядағы Ресей мен Иран мүддесіне ауыр соққы берді. Бұл осы екі тараптың аймақтағы мүддесі үшін де үлкен шегініс, үлкен жоғалту. Оның үстіне бұл жағдай соғыс пен санкция батпағына батқан Ресей мен Иранның күш-қуатының кемігенін де көрсеткендей. Дегенмен Мәскеу мен Иран мәселені сол күйі үнсіз қалдырады дегенге сену қиын. Ресейлік ше-неуніктер «Хайят-Тахрир аш-Шам» өкілдерімен диалог жүргізе бастағандарын мәлімдеді. Оның үстіне елдегі әскери базалары да толық жабылған жоқ. Бұл Мәскеудің бұл аймақта әлі де «бір атар оғы бар» дегенді түсіндіреді. Иран жағдайы да осыған ұқсас.

Ал Түркия тарапы бұл жақта үлкен табысқа жетті. Ал қазір Сирияның солтүстік шекарасына жақын маңда әскер топтап жатыр деген мәліметтер де таралуда. Егер Анкара 2018 жылдағыдай Сирияға тағы бір мәрте басып кірсе, онда елдегі ықпалы тіпті күшеймек. Мұны түрік жұрты екі түрлі мақсатты көздеп іске асыруы мүмкін. Біріншісі – елдегі миллиондаған сириялық босқынды кері қайтару; екіншісі – билікке келу алдындағы Трамп командасының назарын аудартып, кейбір мәселелерде өз позициясын нығайту.

Ал «Хайят-Тахрир аш-Шам» құрайтын жаңа билік батыстық державалармен қандай мәміледе болары қазірге анық емес. Израильдің Сирия шекарасындағы әскери әрекеттері алдағы уақытта елде түбегейлі тыныштық орнауы қиын екенін көрсетіп тұрғандай.

Орта Азия елдеріне ықпалы

Шам жұртындағы саяси өзгерістер бір қарағанда Орталық Азия елдерімен еш байланысы жоқтай көрінеді. Сирия дағдарысы кезінде Астана өзінің сенімді диалог алаңын ұсынып, тараптардың ымыраға келіп, атысты тоқтатуына өз ықпалын тигізгені бар. Ал қазіргі жағдайда аймақ елдері мәселеге басқа қырынан қатысты болып шықты. Айталық, «Хайят-Тахрир аш-Шам» ұйымымен бірге ел билігін аударып тастаған күштер арасында орта азиялық құралды топтардың жүргені, арасында өзбекстандық, қырғызстандық, тәжікстандық азаматтардың көбірек екені айтылуда. Кейбір дереккөздер тегі казакстандық тұлғалар да болуы мүмкін дегенді айтады. Бұл жағдай аймаққа тікелей қатысты болмаған күнде де өзінің жанама әсерлерін берері сөзсіз. Әсіресе, терроризм, экстремизм мәселелері жаңа қырынан көрініс табуы ғажап емес. Бұрын терроризммен, экстремизммен айыпталған қарулы топтардың ендігі жерде қаһармандарға айналуы олардың ықпал ауқымын кеңейтуі ықтимал. Бұл біздің аймақ елдеріндегі экстремизмге қарсы күрес істеріне жаңа сын-қатерлерді ала келуі мүмкін екенін ескергеніміз жөн.

Естай БОЖАН,
сарапшы.



ДӨНГЕЛЕНГЕН ДҮНИЕ

ӘЛЕМ: ТОП-10 САЯСИ ОҚИҒА

Биыл жер-жаһанда қандай маңызды үрдістер болды?

(Басы 1-бетте)

4. Ресейде өткен президент сайлауы мен Крокус сити холлдағы лаңкестік. Биыл наурызда Ресейде өткен президент сайлауы Мәскеудің ішкі және сыртқы саясатына, сонымен қатар халықаралық қатынасқа ықпал етпеген. Сайлаудың деңгейі әрине АҚШ-тағыдай емес. Десе де, Ресейдің ішкі және сыртқы саясаты өзгеріссіз қалатынын көрсетті. Осы саяси науқанмен бірге Крокус сити холлда болған лаңкестікті қоса қарастырдық. Себебі, бұл қайғылы оқиға Ресейдің ішкі этносаралық қарым-қатынасына ғана емес, посткеңестік кеңістікке әсер етті.

5. Таяу Шығыстағы геосаяси дағдарыстың ушығуы. Аймақтағы дағдарыс былтыр қазанда басталып еді. Биыл оның аумағы өсті. Қақтығысқа түсуші тараптар саны өсуде. Дағдарыс 2025 жылы да жалғасатын түрі бар.



6. Сириядағы ішкі саяси дағдарыс пен ел президенті Башар Асадтың биліктен кетуі. Сирияның президентінің елден кетуі жыл соңындағы басты жаңалық болды. Бұл Таяу Шығыстағы дағдарыстың бір бөлігі болып табылады.

7. Оңтүстік Кореядағы саяси дағдарыс. Биыл Оңтүстік Кореяда парламенттік сайлау өтті. Бұдан бөлек, жыл соңында

президент әскери режим енгізіп парламенттегі оппозициямен күресті.

8. Грузиядағы ішкі саяси дағдарыс пен Еуроодакпен араның сууы. Сондай-ақ, Молдовада өткен президент сайлауы мен Еуроодаққа қосылу туралы референдум. Бұл оқиғалар посткеңестік кеңістікте орын алды. Екі елде де сыртқы саяси бағдар айқындалды.

9. Франция мен Ұлыбританиядағы парламенттік сайлаулар. Еуропаның алпауыт елдеріндегі саяси науқан ішкі ғана емес, тұтас құрлыққа әсер етті.

10. Иран, Мысыр, БАЭ, Сауд Арабиясы және Эфиопияның БРИКС құрамына енуі. БРИКС құрамы жыл сайын өсуде. Одақ батыс әлеміне бәсеке болуға ұмтылуда.

Саяси науқан жылы

Бұдан бөлек, 2024 жылды «саяси науқан жылы» деп атауға болады. Әлем елдерінде сайлаулар, түрлі саммиттер өтті. Олар төмендегідей:

- Әзербайжанда өткен президент және парламент сайлаулары.
- Тайваньдағы президент сайлауы.
- Финляндиядағы президент сайлауы.
- Еуропарламент сайлауы.
- Италиядағы G7-ліктің 50-саммиті.
- НАТО-ның АҚШ-ғы саммиті.
- Қазандағы БРИКС саммиті.
- Үлкен жиырмалық саммиті.
- Сингапурдың премьер-министрі Ли Сянь Лунның өз еркімен қызметтен кетуі.

Түрлі саммиттердің өтуі әлемде аймақтану үдерісі жылдам жүріп жатқанын көрсетеді. НАТО мен G7 саммиті өз алдына бөлек блоктар. Ал БРИКС елдері G7-ге бәсеке болуға ниетті.

Пердехан ШӘМШИЕВ,
сарапшы.

(Дереккөз: geopoliticalcompass.com).

2024: жыл қорытындысы

АЛМАТЫ – ЕЛІМІЗДІҢ БАСТЫ
ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДРАЙВЕРІ

(Басы 1-бетте)

КӨШ БАСЫНДА КЕЛЕМІЗ

2024 жылдың қорытындысы бойынша экономиканың жалпы өсімі 5,5%-ды құрайды деп болжануда, ал 2025 жылы бұл көрсеткіш 6,4%-ға дейін жеделдейді. Бұл жетістіктер қаладағы әлеуметтік-экономикалық даму бағдарламаларының тиімді жүзеге асырылып жатқанының айқын дәлелі.

Алматының жалпы өңірлік өнімі 2023 жылы 24,8 трлн теңгеге жетті, бұл кейінгі 10 жылдағы ең жоғары көрсеткіш. Экономиканың негізгі драйверлері деп өңдеу өнеркәсібі, сауда, қаржы және сақтандыру қызметі (+12%), ақпарат және байланыс салалары танылды.

Алматының экономикалық тұрақтылығы мен жоғары әлеуеті оны Орталық Азияның жетекші экономикалық орталықтарының бірі ретінде көрсетіп отыр. «Мемлекет басшысының тапсырмаларын және қаламыздың даму бағдарламасын тиімді жүзеге асыру оның экономикасының тұрақты өсуімен тығыз байланысты», – деді Ерболат Досаев.

• **2025 жылға қарай Алматының экономикалық дамуы одан әрі жеделдеп, өңірдің тұрақты дамуына қосымша серпін бермек. Бұл көрсеткіштер мегаполистің ел экономикасындағы басты рөлін айқындайды. Алматы өз тұрғындары мен бизнесіне қолайлы жағдай жасап, Қазақстанның және Орталық Азияның экономикалық дамуының көшбасшысына айналып отыр.**

БЮДЖЕТ ЕКІ ЕСЕГЕ АРТАДЫ

Алматыда жергілікті бюджет кірістерінің өсуі биылғы 11 айда 1,7 трлн теңгеден астам өсім (21,2%) көрсеткішті құрады.

«Желтоқсан айының басында мәслихатқа Алматының 2025–2027 жылдарға арналған бюджеті енгізілді. Еліміздің тарихында алғаш рет 2025 жылға арналған қалалық бюджет 2,2 трлн теңгеден асты. Бұл 2022 жылдың басымен салыстырғанда, 2 есе жоғары», – деп атап өтті Ерболат Досаев.

• **Алматы қаласының әкімдігі ірі инфрақұрылымдық жобаларды іске асыру үшін жобалық құжаттарды дайындау бойынша үлкен жұмыс жүргізген. «Мемлекет басшысы биылғы қараша айында азаматтардың әл-ауқатын үдемелі арттырудың басым міндетін назарда ұстау қажеттігін атап өтті. Қала бюджеті өзінiң әлеуметтік бағдарлануын сақтайды, оған 2025 жылы 894,3 млрд теңге (40%-дан астам) қарастырылған», – деді мегаполис әкімі.**

«БАҚ – ҚАЛА»
МӘРТЕБЕСІНЕ ОРАЛАМЫЗ

«Мемлекет басшысының «Алматы – бақ қала» мәртебесін жандандыру туралы тапсырмасын орындау мақсатында 2030 жылға дейін 2,5 млн жасыл желек отырғызу бойынша жол картасы бекітілді. 2025 жылдан бастап көшет егу кезінде Алматы әкімдігі ірі көлемді көшеттерді жаппай қолданатын болады. Осылайша биіктігі 4 және 6 метрден асатын 27 мың көшет отырғызылады», – деді әкім брифингте.

Алматы қаласында жасыл желектерді қорғау және күту қағидаларымен суару жүйесін міндетті түрде жүргізу жөніндегі норма енгізілді.

2 жыл ішінде 500 км автоматтандырылған суару және тамшылатып суару желілері орнатылды. 2025 жылы тағы 290 км осындай желілер орнатылады (сомасы 4,1 млрд теңге), бұл автоматтандырылған суару жүйесімен 1 млн ағашқа дейін қамтуды ұлғайтуға мүмкіндік береді.

Алматы қаласының жасыл желектерін отырғызу және күтіп ұстау бойынша жаңа тәсілдерді қолдану нәтижесінде көшеттердің құлап түсуі 2022 жылғы 30%-дан 2024 жылы 10%-ға дейін төмендеді.

• **Естеріңізге сала кетейік, 2024 жылдың сәуір айында «Алматы – біздің ортақ үйіміз» акциясы аясында қаланы көгалдандыру бойынша «Алматы – бақ қала» ауқымды акциясы өткізілді. Аудан әкімдіктері алма аллеяларын құруға және бұталарды отырғызуға белсенді қатысты. Барлығы 7 мыңнан астам**



жасыл желек отырғызылды, оның ішінде 4015 жеміс ағашы, 1090 жапырақты ағаш және 2600 бұта.

«ХАЛЫҚ ҚАТЫСАТЫН БЮДЖЕТ»

Алматы қаласының әкімі 2022 жылдан бастап «Халық қатысатын бюджет» бағдарламасын қаржыландыру 2,6 есеге ұлғайғанын, 938 жоба іске асырылғанын атап өтті.

«Біз ХҚБ аясында жобаларды іске асыруға жыл сайынғы лимитті 17 млрд теңге деңгейінде белгіледік. Сондай-ақ, бұрын іске асырылған ХҚБ жобалары нысандарын күтіп ұстау үшін бірінші рет әр ауданға 200 млн теңгеге дейін қаражат бөлінуде», – деді Ерболат Досаев.

Бағдарлама аясында қаланың қараусыз қалған аумақтарынан жаңа жаяу жүргіншілер және жағалау аймақтары, скверлер, балалар алаңдары мен абаттандырылған аулалар жасалуда. 2022 жылдан бастап «Халық қатысатын бюджет» бағдарламасын қаржыландыру 2,6 есеге ұлғайды, берілген жобалар саны 5,7 есеге өсті, бұл азаматтардың белсенді қатысуын және бағдарламаны қаланы дамыту құралы ретінде тиімділігін көрсетеді.

• **2024 жылы «Халық қатысатын бюджет» аясында аудан әкімдіктері 364 жобаны іске асырды. Келесі жылы Алматыда 17 млрд теңгеге абаттандыру бойынша 300-ден астам жобаны іске асыру жоспарланған. Жобалардың басым бөлігі Алау (50) және Алматы (45) аудандарында іске асырылатын болады. Іске асыруға рұқсат етілген жобалар тізімімен [budget.open-almaty.kz](#) сайтында танысуға болады.**

«ҚАСБЕТТЕН ҚАСБЕТКЕ ДЕЙІН»
ҚАҒИДАТЫ

2025–2026 жылдары Алматыда ұзындығы 49,2 км 11 көше кешенді түрде көркейтілмек. Алматы – ел бойынша жайлы урбан орта құрудың халықаралық стандартын енгізіп жатқан алғашқы қала.

«Әлемнің ірі мегаполистерінің озық тәжірибесі көшелерді «қасбеттен қасбетке дейін» кешенді көріктендіру тәсілі жайлы және заманауи қала ортасын құрудың ең оңтайлы шешімі екенін көрсетеді. Біз Алматыда осы халықаралық стандартты енгізудеміз, бұл тәсілді қолданатын Қазақстандағы алғашқы қала болдық», – деді Ерболат Досаев.

Әкімнің айтуынша, бүгінгі күні Достық даңғылы (әл-Фараби даңғылынан Абай даңғылына дейін) және Пушкин көшесі (Гоголь көшесінен Райымбек даңғылына дейін) жобаларының ЖСҚ әзірлеу жұмыстары аяқталды. Құрылыс жұмыстары 2025 жылдың наурыз айында басталады (3,7 млрд теңге).

2025 жылдың ақпан айында Радостовец және Мақатаев көшелерінің жобалау жұмыстары аяқталып, құрылыс-монтаждау жұмыстары 2025 жылдың мамыр айында басталады.

2025 жылы Желтоқсан көшесінде (Байтұрсынов көшесінен Райымбек даңғылына дейін) ұзындығы 4,6 км және Райымбек даңғылында (Пушкин көшесінен Алтын Ор-

даға дейін) ұзындығы 17,2 км болатын екі жаңа BRT желісі салынып, көшелер «қасбеттен қасбетке дейін» қағидаты бойынша кешенді көріктендіріледі.

«Алматыбасжоспар» ЖШС-нің мәліметінше, жобалық жұмыстар аясында қалалық инфрақұрылымды кешенді жаңарту көзделген. Барлық жұмыс тұрғындар мен қала қонақтары үшін жайлылықты, экологиялық тазалықты және қалалық ортаның тартымдылығын қамтамасыз ететін заманауи көріктендіру стандарттары ескеріле отырып жасалады.

• **Алматы көшелері заманауи жаяу жүргіншілер жолдарымен жабдықталады, олар қала тұрғындарының қауіпсіз және ыңғайлы қозғалысын қамтамасыз етеді. Тротуарларда ыңғайлы орындықтар, беседкалар, қоқыс жәшіктері және жаңа жарықтандыру тіректері орнатылады.**

ТУРИСТЕР БІЗГЕ ҚЫЗЫҒАДЫ

Экономиканы сапалы әртараптандыру үшін туризмнің озық дамуы маңызды. Сондықтан Алматы Орталық Азиядағы жетекші туристік дестинация ретіндегі позициясын нығайтуда. 2024 жылдың 9 айында Алматыға 1,7 миллион турист келді, бұл өткен жылдың осы кезеңімен салыстырғанда, 14,2%-ға көп. Олардың 507,6 мыңы шетелдік туристер, өсім – 24%.

«Алматының өңірлік туризм орталығы ретіндегі мәртебесі халықаралық рейтингтермен расталады. 2024 жылғы Qatar Travel Mart халықаралық көрмесінде Алматы 60 мемлекет арасынан үздік туристік бағыт мәртебесіне ие болды», – деді шаһар басшысы.

Естеріңізге сала кетейік, британдық Wanderlust журналы Қазақстанды, оның ішінде Алматыны, 2024 жылы баруға міндетті 24 орынның қатарына қосты. Бұл жетістіктер мегаполистің жарнамасын 2,4 есе ұлғайтып, 300 миллион аккаунтқа жеткізуге ықпал етті.

Бұған қоса, Алматы шетелдік туроператорлармен белсенді жұмыс істейді. Халықаралық туристік көрмелерде Алматы шетелдік туроператорлармен 230 меморандум жасасты. Бұл алдағы үш жылда 190 мыңнан астам туристің келуін қамтамасыз етеді және 285 млн АҚШ доллары көлемінде экономикалық әсер береді (орташа есеппен 1500 АҚШ доллары).

• **Алматының Қазақстандағы жалпы туристік ағындағы үлесі 25%-ға жетті, бұл қаланың елдің негізгі туристік орталығы ретіндегі мәртебесінің жоғары екендігін білдіреді.**

ҚОҒАМДЫҚ КӨЛІК:
ЖАҢА ТАРИФ

Алматыда өткен ОКҚ-нің көшпелі брифингінде қала әкімі Ерболат Досаев атмосфералық ауаның жай-күйін жақсартуға бағытталған жұмыстар туралы да айтып берді.

«Атмосфералық ауаның жай-күйін жақсарту – әкімдік жұмысының күн тәртібіндегі

маңызды мәселелердің бірі болып қала береді. Бүгінгі күні ауаны ластаушы сыртқа шығатын заттардың 60%-ы автомобильдерге тиесілі (189 мың тоннадан 112 мың тонна шығады). Біздің жұмысымыз қала тұрғындарын қоғамдық көлікпен жүруге ынталандыруға, оның тиімділігін қамтамасыз етуге бағытталған», – деп атап өтті Ерболат Досаев.

Биыл газбен жүретін 770 автобус (оның ішінде 170-і жекеменшік) және 115 электр автобусы (оның ішінде 15-і жекеменшік) сатып алынды. Осының арқасында автобустардың орташа қызмет ету мерзімі 6 жылдан 2,5 жылға дейін қысқарды. 112 троллейбус сатып алынып, троллейбус паркі 100%-ға жаңартылған. Биыл жолаушылар ағыны 33%-ға артып, күніне 1,6 миллион транзакцияға қол жеткізілді.

• **«Алматы агломерация орталығы ретінде тығыз көлік байланысын қамтамасыз етуге аса мүдделі. Биыл қала маңындағы елді мекендерден қатынайтын 20 жаңа маршрут шығарылды. Келер жылы қоғамдық көліктің жаңа тарифтік мәзірін және субсидиялаудың жаңа қағидаларын енгізу үшін «Bus/km» қағидатына көшу жоспарлануда», – деді шаһар басшысы.**

ЗАМАНАУИ ЕВРОКОНТЕЙНЕРЛЕР
ТАЗАЛЫҚҚА ҮНДЕЙДІ

Алматыда тұрмыстық қатты қалдықтарды (ҚТҚ) жинау инфрақұрылымын кешенді жаңғырту жұмыстары жүргізілуде. Бұл туралы да қала әкімі Орталық коммуникациялар қызметінде өткен брифингте атап өтті.

«Қатты тұрмыстық қалдықтарды тиімді басқару – жайлы қалалық орта құрудың маңызды міндеті. 2012 жылы салынған инфрақұрылым әбден тозығы жетіп, ескірген», – деді әкім.

Мегаполис басшысы 2,8 мың евроконтейнер мен жерасты контейнері 400 алаңда жаңартылғанын атап өтті.

• **2025 жылы 723 алаңда тағы 2,7 мың жаңа контейнер, оның ішінде 1683 жерасты және 1000 евроконтейнер орнату арқылы қаладағы барлық контейнерлік алаңды толық жаңғырту аяқталады.**

БІРЫҒАЙ
БЕЙНЕМОНИТОРИНГ ЖҮЙЕСІ

«Смарт сити», яғни бірыңғай видеомониторинг жүйесі Алматының қауіпсіздігін қамтамасыз ететініне кепілдік бар дейді сарапшылар. Иә, ол мегаполистің тұрақты дамуын қамтамасыз етудің негізгі бағыттарының бірі болып табылады.

2022 жылы елімізде алғаш рет Алматы қаласының бірыңғай видеомониторинг жүйесі (БВМЖ) іске қосылған болатын. Бүгінгі күні оған 50 мың видеобақыраушы қосылған.

• **2024 жылы бірыңғай видеомониторинг кешенді қауіпсіздік жүйесі барлық балабақшада (191) және мектептерде (215), сондай-ақ, 64 медициналық мекемеде іске қосылды.**



Ерболат ДОСАЕВ:

МЕКТЕПТЕРДІ БІР АУЫСЫМДЫ ЖҮЙЕГЕ КӨШІРУ МЕНІҢ АРМАНЫМ ЕДІ

САНДАР СӨЙЛЕЙДІ



АЛМАТЫНЫҢ
қысқа мерзімді экономикалық
индикаторы 11 айдың есебі
бойынша 6,6%-ға өсті



«СМАРТ СИТИ»
бірыңғай видеомониторинг
жүйесі биыл барлық
балабақшада (191) және
мектептерде (215), сондай-ақ,
64 медициналық мекемеде іске
қосылды



МЕГАПОЛИСТЕ
400 алаңда
2,8 мың евроконтейнер мен
жерасты контейнері
жаңартылды



ШОБ
саласында 940 мыңнан астам
алматылық жұмыс істейді.
Бұл – жұмыспен қамтылғандар
жалпы санының
85%-дан астамы



КӨЛІК
биыл газбен жүретін 770
автобус (оның ішінде 170-і
жекеменшік) және 115 электр
автобусы (оның ішінде 15-і
жекеменшік) сатып алынды

Орталық коммуникациялар
қызметінің брифингі аясындағы
«сұрақ-жауап» барысында Алматы
қаласының әкімі БАҚ өкілдерінің
түрлі тақырыптағы сауалдарына
жауап берді. Солардың
бірқатарын назарларыңызға
ұсынамыз.

ЖАҢА МЕТРО БЕКЕТТЕРІ АШЫЛАДЫ

Қаланың көлік қаңқасын құру және соның
арқасында экологиялық жағдайды жақсарту –
біз үшін аса маңызды басымдық болып табыла-
ды. Көлік қаңқасының негізінде метро, ЛРТ
және БРТ сияқты жоғары жылдамдықты қо-
ғамдық көлікті дамыту жатыр. Үкіметпен бір-
лесіп, Біз батыс бағытта – «Қалқаман» станция-
сынан «Барлық» базарына дейін 5,3 км және
шығыс бағытта – «Жібек жолы» станциясынан
Алматы әуежайына дейін 14 км жаңа метро
желілерін салу үшін мемлекеттік кепілдікпен
қаражат алу мүмкіндігін пысықтаудамыз.

Біз қазір түрлі халықаралық қаржы инсти-
туттарымен ең тиімді шарттарды алу үшін келіс-
сөздер жүргізіп жатырмыз, мүмкін бұл ұйымдар-
дың консорциумы болар. Осыдан кейін
конкурстық шарттарда мердігер таңдалады. За-
манауи технологиялар тезірек құруға мүмкіндік
береді, сондықтан біз нормативтік мерзімдерді
сақтай алатын серіктестерді таңдаймыз. Біз құ-
рылысты екі жақта қатар бастауды жоспарлап
отырмыз. Мысалы, «Сарыарқа» және «Бауыр-
жан Момышұлы» метро станцияларының құры-
лысы жоспарланған 3,5 жылдан 7 жылға дейін 2
есеге созылды. «Қалқаман» станциясы бойынша
1,9 км метро желісінің құрылысы 2020 жылдан
бастап 4 жыл бойы жүргізілуде. Оның жұмысы
2026 жылы аяқталады деп болжап отырмыз.

ОРТАЛЫҚ СТАДИОН КЕҢЕЙТІЛЕДІ

Келесі жылы біз Орталық стадионды қайта
жаңғыртуды бастаймыз. Орын саны 32 мыңға
дейін ұлғайтылады. Жаңа стадион барлық стан-
дартқа сай болады және жабық форматта салы-
нады. Бүгінде жаңа жүйе бойынша ЕРС-
келісім-шарты («толық аяқтау») аясындағы
даму тұжырымдамасы бекітілді. Бұл алаңда
еуропалық және әлемдік деңгейдегі жоғары
дәрежелі кубоктық жарыстарды өткізуге
мүмкіндік болады. Сонымен қатар, мен ста-
дион басшылығына сапалы жұмыс жүргізу
үшін қосымша компанияларды тарту қажеттігін
тапсырдым.

BRT ЖЕЛІСІ: ҰЗЫНДЫҒЫ 30,5 ШАҚЫРЫМ

Қазіргі уақытта Желтоқсан көшесінде
ұзындығы 4,6 км және Райымбек даңғылында
17,2 км болатын екі BRT желісін салу жоспар-
лануда. Проектистерді онтайландыру үшін Ра-
йымбек даңғылындағы жоба екі кезеңге
бөлінді. Жұмыстарды бірінші кезең бойынша
күзде бастауға болар еді, бірақ сарапшылар
қауымдастығымен кеңесіп, қала тұрғындарына
келтірілетін қолайсыздықтарды азайту мақса-
тында екі кезеңде де бір уақытта жұмыс бастау
туралы шешім қабылданды. 2025 жылдың
қаңтарында Райымбек даңғылының екі бөлігін-
дегі жұмыстарға мердігер ұйымды таңдау бо-
йынша конкурс жариялау жоспарлануда. Құры-
лыс-монтаж жұмыстары келесі жылдың наурыз
айында басталады.

Дәл осы уақытта Желтоқсан көшесіндегі
BRT жобасын іске асыру да басталады. Біз жол
қозғалысы жолағын тарылтып, қоғамдық көлік-
ке арналған қосымша жолақ үшін кеңістік бо-
сатуды жоспарлап отырмыз. Жоба Райымбек
даңғылындағыдай, «қасбеттен қасбетке дейін»
жұмыстарын, инженерлік инфрақұрылымды
ауыстыруды көздейді. 2025 жылдың соңына
дейін екі желіні де аяқтау жоспарланып отыр.
Осылайша Алматыда бар желілерді қоса алған-
да, BRT желісінің жалпы ұзындығы 30,5 км
болады.

«ЖАЙЛЫ МЕКТЕП» ЖОБАСЫ: 22 МЫҢ ОҚУШЫ ОРНЫ АШЫЛАДЫ

Биыл біз 43 мектепті бір ауысымды оқытуға
көшіру үдерісін бастадық – бұл менің арманым
еді, балалар бір ауысымда оқыса деген. Біз бұл
бастаманың оң әсерін көріп отырмыз. Ұзақ
мерзімді перспективада 2027 жылдың соңына
дейін мектептердің кем дегенде 40%-ын, шама-
мен 95 мектепті бір ауысымды жүйеге көшіру
жоспарланып отыр. Бұл оқушылардың жүкте-
месін азайтып, қосымша сабақтарды ұйымдас-
тыруға мүмкіндік береді. Себебі, бір ауысымға

көшу екі ауысымды режимнен туындайтын
жүктемені жеңілдетеді.

Мемлекет басшысының бастамасымен қол-
ға алынған «Жайлы мектеп» жобасы аясында
біз 22 мың оқушы орнын ашамыз. Осы іс-шара-
лардың арқасында келесі оқу жылына қарай
орын тапшылығы «басқарылатын» деңгейге –
3-4 мың орынға дейін төмендейді. Одан әрі
әкімдік білім беру нысандарын өз қаражаты
есебінен салу және жаңғырту жұмыстарын
жалғастырады. Бұл алдағы уақытта орын тап-
шылығының көбейіп кетуіне жол бермейді.

ЖАРЫҚСЫЗ КӨШЕ ҚАЛМАЙДЫ

Қалада орталықсыздандыру аясында аудан
әкімдіктеріне 198 мың жарық нүктесі мен олар-
ға қызмет көрсету функциялары берілді. Бұл
қысқа мерзімде жанбайтын жарық нүктелерінің
үлесін 47%-дан 25%-ға дейін төмендетуге ық-
пал етті. Алматыда диспетчерлік пункт құры-
лып, 39 қосымша арнайы техника сатып алы-
нып, штат 300 адамға дейін ұлғайтылды, бұл
250-ден астам жаңа жұмыс орнын ашуға
мүмкіндік берді, сол арқылы бригадалар саны
40-қа жетті.

2024 жылдың соңына дейін 1,6 млрд теңге-
ге 800 ШУНО сатып алынады. Жарық тиімділігі
жақсартылған және драйвері бар қазақстандық
өндірістің қосымша 35 мың жарықдиодты шам-
дары сатып алынды. Оның ішінде бүгінгі күні
26 мыңнан астам бірлік орнатылды, бұл желінің
ұзындығы 12,8 км болатын бұрын жарықсыз 79
учаскені сыртқы жарықпен қамтамасыз етуге
мүмкіндік берді. 2025 жылдың соңына қарай
қаланың барлық ауданы толық жарықтандыры-
латын болады.

ЖЕКЕНІҢ ҚОЛЫНДАҒЫ «САЙРАН» ҚАЙТАРЫЛУЫ МҮМКІН

«Сайран» 2000 жылдардың ортасында же-
кеменшікке өткен, ал 2018-2019 жылдары ны-
санның меншік иесі ғимаратқа базалық жаң-
ғырту жүргізген. Бұл автовокзал бес үшін ішкі
көлік торабындағы маңызды нысан. Алматы-
ның Бас жоспары мен егжей-тегжейлі жоспар-
лау жобасына сәйкес, автовокзал қоғамдық іс-
керлік аймақта, нақтырақ айтқанда, көлік
қызметін көрсететін нысандар аймағында орна-
ласқан. Сондықтан ол жолаушыларды көліктен
көлікке ауыстыру үшін өте қолайлы.

Бүгінгі күні қала әкімдігі «Сайран» авто-
вокзалының меншік иесімен нысанды комму-
налдық меншікке қайтарып, оны жаңғырту
және бірыңғай кешен құру бойынша келіссөз-
дерді бастап кетті.

«ДАМУ БАЛА» FACE ID ЖҮЙЕСІМЕН ҚАМТЫЛАДЫ

Алматы қаласының Қоғамдық кеңесімен
бірлесіп, спорт секциялары мен шығармашы-
лық үйірмелердің жұмыстары тексерілді.
Өкінішке қарай, «Даму бала» бағдарламасы
бойынша қызмет көрсетуде адал емес жеткі-
зушілер анықталды. Иә, адал емес жеткізуші-
лер балаларымызды, ата-аналарды алдап отыр,
ал кейбір ата-аналар мұндай жағдайларға
келісіп жатқанын көріп отырмыз. Адал емес
жеткізушілермен келісім-шарттарды тоқтатып
жатырмыз. Оларды «адал емес жеткізушілер»
тізіміне енгізу қиын. Қазір осы мәселені шешіп
жатырмыз, болашақта мұндай жеткізушілерді
бағдарламаға қатыстырмауға мүмкіндік бола-
ды.

Биыл жыл соңына дейін секциялар мен
үйірмелерге қатысуды бақылауды күшейту
мақсатында Face ID жүйесіне толықтай көшу
аяқталады.

АЛМАТЫЛЫҚТАРДЫҢ ҚАУІПСІЗДІГІ МАҢЫЗДЫ

Менің әкім ретіндегі жұмысым нүктелі құ-
рылыс мәселесінен басталды. Мемлекет бас-
шысының тапсырмасымен 19 нысан анықта-
лып, олармен жұмыс жүргізілді, кейбірін
бұздық, кейбірін сатып алдық. Барлық мәселе
шешілді.

Жалпы, 2022 жылдың басынан бастап Ал-
матыда құрылысқа бақылауды күшейту аясын-
да барлығы 69 құрылыс нысаны (оның ішінде
26 тұрғын үй және 43 коммерциялық) толық
немесе жартылай бұзылды. Негізгі себеп – рұқ-
сат құжаттарының толық еместігі және келісіл-
ген жобалық эскиздерден ауытқулар. Мұндай
нысандарды бұзу сот шешімімен жүргізіледі.

Біз үлкен жұмыс атқардық. Жаңа Құрылыс
ережелері мен Қала құрылысы регламентін
әзірледік. Олар қаланың құрылыс жұмыстары-
на қатал шектеулер енгізеді. Мысалы, Абай
даңғылы мен әл-Фараби даңғылы арасындағы
аумақта 9 қабаттан жоғары тұрғын үйлер салуға

тыйым салынады, тек ерекше нысандарға рұқ-
сат беріледі. Құрылыс тек қоғамдық маңызы
бар, тұрақтылық пен экологиялық шешімдердің
сақталуын қамтамасыз ететін, энергия жағынан
тиімді және ресурсты үнемдейтін технология-
ларды қолданатын жобалық негіздеме болған
жағдайда ғана жүзеге асырылады.

ШААЖ оңтүстік бөлігінде, әл-Фараби даң-
ғылы, Саин және Жандосов көшелерінің бо-
йында, 15 градус және одан жоғары еңістегі тау
беткейлерінде құрылысқа тыйым салынады.
Реконструкция кезінде террасалар мен техника-
лық қабаттарды қайта құрылымдауға да рұқсат
жоқ. Қалада III кластан төмен тұрғын үй салы-
байды. Барлық тұрғын үйдің нүктелі орналас-
тырылуы мен аула аумақтарындағы құрылыс
тоқтатылады. Бұған қоса, жаңа ережелер мем-
лекеттік органдардың көпқабатты тұрғын үй-
лерді қабылдау және пайдалану жөніндегі ба-
қылау функцияларын күшейтеді, сондай-ақ,
саулет-құрылыс бақылау органдарының өкіл-
леттіктерін кеңейтеді.

Қазіргі күні жаңа Құрылыс ережелері мен
Қала құрылысы регламенті ашық түрде талқы-
лауға ұсынылған. Жыл соңына дейін олар мәс-
лихат депутаттарына ұсынылып, егер мақұл-
данса, 2025 жылы күшіне енеді. Бұл қадамдар
ең алдымен тұрғындардың қауіпсіздігі үшін
маңызды.

2022 жылы біз аудит жүргізіп, тұрақты су
басу қауіпі бар 142 учаскені анықтадық. Кейінгі
екі жылда бұл учаскелерді толығымен жоюға
көп жеткіздік. 125 км арық желілері салынды
және жаңғыртылды. 2025 жылы тағы 180 км
желіні жаңғырту жұмыстарын аяқтау жоспар-
лануда. Сонда Алматыдағы жаңғыртылған
арық желілерінің үлесі 80%-ға жетеді. Бұл жоба
қалалық инфрақұрылымды жақсарту және су
тасқынының алдын алу бойынша кешенді бағ-
дарламаның бір бөлігі болып табылады және
қала тұрғындарының қауіпсіздігі мен жайлы-
лығын қамтамасыз етеді.

СЕЙСМОҚАУІПСІЗДІГІМІЗ ҚАНШАЛЫҚТЫ ҚАУҚАРЛЫ?

Халықаралық стандарттарға сай ғимарат-
тар мен құрылыстардың нақты сейсмикалық
тұрақтылығын анықтау мақсатында қалада 21
441 нысанды қамтыған сейсмоаудит, яғни ны-
сандарды паспорттау жүргізілді.

2017-2018 жылдары жүргізілген сейсмоау-
диттің нәтижесінде 10 525 нысан зерттелсе,
2023-2024 жылдары екінші кезең аясында
10 916 нысан тексерілген.

Келесі жылдың басында «КазНИИСА» АҚ
атқарылған жұмыстардың қорытындысы бо-
йынша аналитикалық есеп ұсынады. Осыдан
кейін тұрғын үй кешендері мен әлеуметтік ны-
сандарды сейсмикалық күшейту бойынша ал-
ғашқы кезектегі іс-шаралар жоспары қабылда-
нады. Жалпы, нақты мәліметтерге сүйене және
АҚШ, Жапония, Израиль тәжірибесін ескере
отырып, біз ғимараттарды сейсмикалық күшей-
ту бойынша қалалық бағдарламаны әзірлейміз
және іске қосамыз.

Сонымен қатар, қалада мемлекеттік әлеу-
меттік ғимараттарды сейсмикалық күшейту
жұмыстары жыл сайын жүргізілуде. 2025 жылы
Бостандық және Медеу аудандарындағы 3 мек-
тептің сейсмикалық күшейту жұмыстары аяқ-
талады, ал Түркісіб ауданындағы №50 мектеп-
ліейдің сейсмикалық күшейту жұмыстары
басталады. Сондай-ақ, Әуезов, Бостандық және
Медеу аудандарындағы 7 балабақшада осындай
жұмыстар жүргізіледі.

● ТҮЙІН:

Орталық коммуникациялар
қызметінің «Алматы қаласының
әлеуметтік-экономикалық
дамуына арналған» көшпелі
брифингінде БАҚ өкілдері
жергілікті билік өкілімен, яғни
мегаполис басшысы Ерболат
Досаевпен болған диалогта
көкейдегі сауалдарына жауап
алды. Қала әкімі жетістіктерге
жалғыз емес, көпшен бірге
жететінімізді атап өтті. «Қазір
тоқмелейсіп отыратын уақыт
емес, алда жаңа жоспар, жаңа
белестер тұр».

Айқара бетті әзірлеген
Нұржамал ӘЛІШЕВА.

ҚАЛА ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚ

Ұлттық ұлан сарбаздары:

ТЕМІРДЕЙ ТӘРТІП

Күнделікті өмірде байқа-саңыз, Алматы көше-лерінде жылдың төрт мезгілінде де әскери киімдегі жас сарбаздар бір-біріне арқасын беріп үшбұрыш жасап тұрады. Жәй емес, айналасына жіті көз тастап, тікесінен тік, сергек тұрады. Олар – қаланың қоғамдық тәртібін, тыныштығын, қауіпсіздігін қамтамасыз ететін Ұлттық ұлан сарбаздары. Әскери борышын біздің мегаполисте өтеп жүрген жауынгерлер.

Нұржамал
ӘЛІШЕВА

Біз бүгін Алматыдағы 5571 әскери бөлімнің 5 жедел мақсаттағы батальонының жауынгерлік қамтамасыз ету ротасы командирінің тәрбие және әлеуметтік-құқықтық жұмыстар жөніндегі орынбасары, жас жауынгерлерге дәріс окитын Бекжан Ахметқали туралы айтпақпыз. Биылғы сайыста өңірлік қолбасшылық бойынша рота деңгейінде үздік болып танылған тәрбиеші офицер, лейтенант Ұлттық ұлан жауынгерлерінің ең үлкен досы.

Бекжан Арманұлы Өскеменнің тумасы. Бала кезінде әкесі қасынан тастамай, қайда барса да бірге ертіп жүретін. Демалыстарда әкесімен балық аулауға, аңшылық құруға да бірге баратын. Ол мектептен соң Петропавл қаласындағы Ұлттық ұлан академиясына түсіп, былтыр тәмамдады. Әскери адам болу – Бекжанның бала кезгі арманы еді. Мектептегі алғашқы әскери дайындық сабағы оның қызығушылығын одан сайын арттыра түсті. Әскери форма, әскери өмір, әскери тәртіпке қызығушылығы оның әскери оқу орнына қарай жетелеген еді.

Академияның жас түлегі 2023 жылы Алматыдағы 5571 әскери бөлімінің взвод командирі лауазымына тағайындалады. Қызметін



қауіпсіздік пен тыныштық кепілі

жақсы атқарып жүрген жас лейтенант бірден көзге ілініп, жарты жылдан соң оны рота командирінің орынбасары лауазымына ауыстырады. Иә, бүгінде ол жас та болса бас бола біліп, ұжымды ұйымдастыруда, сарбаздарды тәрбиелеуде, әскери қызметшілермен қарым-қатынас жасауда, әркімнің де тілін тауып, сауатты да білімді офицер екенін көрсетуде.

Ол ұстазым деп Бауыржан Момышұлын атайтынын айтты. Бала кезінен Батырдың аңызға айналған ерлігі мен батылдығына тәнті болып өсіп, шығармаларын да түгел оқыған көрінеді. Қанатты сөздерін де жаттаған. Әсіресе, «Ұшқан ұя» кітабын жастанып оқығанын айтады. Батыр туралы жазушы Әзілхан Нұршайықов жазған «Ақиқат пен аңыз» роман-диалогын, келіні, жазушы Зейнеп Ахметованың «Бабалар аманаты» кітабын да қызыға оқып

шыққан. Бауыржан Момышұлының мінезі, әділдігі, ұстанған өмірлік принциптері ол үшін бағдаршам іспеттес болған көрінеді.

Лейтенант Бекжан Ахметқали тәрбиеші офицер ретінде өз ротасының әрбір сарбазының қас-қабағын да бағып, әр мәселеге терең үнілуге тырысады. Ротадағы әлеуметтік жағдай оның назарынан тыс қалған емес, әскери қызметшілердің отбасындағы тұрмыстық және басқа да мәселелер болса, шешімін табуға көмек беріп, ақыл-кеңесін де аямайды. Жеке құрамды оқыту мен тәрбиелеуде, ең алдымен, әскери қызметші құқықтарының қорғалуы туралы айтады. Жеке құрамға қамқорлық көрсете отырып, ол басшы ретінде қарамағындағыларға талап қоя да біледі.

Бекжан Аманұлының жақсы адам болып қалыптасуы отбасындағы тәрбиеден екені

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Бекжан
АХМЕТҚАЛИ,
5571 әскери бөлімі
батальонының жауынгерлік
қамтамасыз ету ротасы
командирінің орынбасары:

Кешігу – біреудің
уақытын ұрлаумен тең

Мен кешіккенді ұнатпаймын. Кешігу – біреудің уақытын ұрлаумен тең. Сондықтан адам ең алдымен өзін тәртіпке үйретуі керек. Мінезін шыңдаған адамның сыртқы келбеті де жинақы болады. Киім киісі, жүріс-тұрысы әскери адамға сай болу керек, сыртқы бейнемен әскери қызметші деген абыройлы ұғымның беделін түсірмеу керек деп білемін. Сонымен қатар, өмірлік ұстанымым – білімді болу, көп оқудан, үйренуден жалықпау, қандай жағдайда да сауатты шешім таба білу. Офицердің әділ болуы, батыл шешім қабылдай білуі, қызметтік-жауынгерлік тапсырмаларды орындауда жеке құрамды соңынан ілестіре алуы – нағыз командирдің бойынан табылуы тиіс қасиет.

сөзсіз. Үйдің тұңғышы. Өзінен кейін екі қарындасы бой түзеп, өсіп келеді. Бекжанның жеке құрамға деген қамқорлығы – сол қарақөз қарындастарына деген қамқорлық сезімінен бастау алса керек.

Генерал болуды армандайтын лейтенант Бекжан Ахметқалидың қызметіне сәттілік тілейміз.

ҚАУІП ҚАЙДАН?

МҰЗДА АБАЙ БОЛЫҢЫЗ!

Қауіпсіздікке салғырт қарамай, әрдайым сақ болыңыз



Санаулы күндерден соң алматылықтар Жаңа жыл мерекесіне орай демалады. Оқушылар ІІ тоқсанды аяқтап, 2024 жылдың 30 желтоқсаны мен 2025 жылдың 8 қаңтарын қоса алғанда, он күнге қысқы каникулға шығады. Ал қысқы демалыс отбасымен керемет уақыт өткізуге мүмкіндік беретін ең қолайлы кезең. Бірақ мұндай демалыс та қауіпсіздік шараларын сақтауды талап етеді.

Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Қыста мұз үстінде балық аулау қызықты әрі пайдалы демалыс түрі болғанымен, оның да қауіпсіздік ережелерін ұмытпауымыз керек. Егер назар аудармасақ, жазатайым оқиғаларға әкелуі мүмкін. Сол себепті, көпшілікті табиғат аясында уақытты қауіпсіз әрі көңілді өткізгенде сақтық шараларын ұстануға шақырамыз.

Балық аулауға барсаңыз, ең алдымен мұз қалыңдығын тексеріңіз. Мамандардың пікірінше, қауіпсіз мұздың қалыңдығы жаю адам үшін – кемінде 10–12 см; шана немесе шағын

көлік үшін – кемінде 20–25 см; ал автокөлік үшін – кемінде 30 см және одан қалыңырақ болуы керек. Мұндай кезде мұздың түсі де маңызды. Егер мұз мөлдір көк немесе жасылдау болса, ол ең берік мұз болып саналады. Ақ немесе сұрғылт мұз – әлсіз болуы мүмкін, өйткені мұндай мұзда ауа көпіршіктері болады. Сары немесе қоңыр мұзға мүлде жоламаңыз, олар сенімсіз, сондықтан қауіпті!

Жеке қауіпсіздік құралдарын алып
жүріңіз!

Балық аулауға барғанда, құтқару жилеті немесе жылы жеңіл киім кию маңызды. Егер ауыр киім киісеңіз, ол суға батқан жағдайда қозғалысқа кедергі жасайды. Арнайы мұз сындырғыш (штырхауык) немесе мұзға ілінетін шегелер – мұз астынан шығуға көмектеседі. Мықты жіп немесе арқан – қажет жағдайда көмек көрсету үшін қолданылады. Телефоныңызды су өткізбейтін қаптамада алып жүрудің де көмегі зор.

Сырғанаудың да шарты бар

Көл бетіндегі мұзға сырғанауға болады, бірақ белгілі бір қауіпсіздік талаптарын қатаң сақтау керек. Мұздың қалыңдығы мен беріктігі сырғанау үшін қауіпсіз болуы қажет, өйткені жұқа немесе мықты емес мұз жазатайым оқиғаларға әкелуі мүмкін.

Топ болып сырғанау үшін мұз қалыңдығы 15 см-ден асқаны жөн. Есіңізде болсын, мөлдір көк немесе жасылдау мұз – ең қауіпсіз аймақ болып саналады. Ал ақшыл немесе күңгірт мұзда ауа көпіршіктері болғандықтан, ол әлсіз болуы мүмкін. Сары немесе қоңыр түсті мұздарға жоламаңыз, оларда да қауіп жоғары. Одан кейін өзендер мен ағысы бар көлдерде

КЕРЕК КЕҢЕС

Егер мұз жарылып кетсе не істеу керек?

Сабыр сақтаңыз, үрейге бой алдырмаңыз.

Мұздың шетін ұстап, аяқтарыңызды артына созып, біртіндеп еңбектеп шығуға тырысыңыз.

Мұз бетіне шыққан соң жатып жылжып қауіпсіз жерге жетіңіз.

Судың ішінде көп тұрмауға тырысыңыз – дене тез суып кетеді.

Егер топ болып көл жағасына барғанда шамамен сырғанау немесе балық аулайтын болсаңыз, кемінде 5-6 метр арақашықтықты сақтаңыз.

мұз жұқа болады. Жағадан алыстаған сайын мұздың беріктігі төмендеуі мүмкін. Сондықтан мұзда сырғанағанда оның қалыңдығын таяқпен немесе арнайы құралмен алдын ала тексеріп алыңыз. Бәрін айт та бірін айт, сырғанау алаңы ретінде тексерілген, арнайы белгіленген орындарды таңдаған дұрыс. Сырғанауға жалғыз бармаңыз, топпен жүрген қауіпсіз. Ал балаларға мұз үстінде үлкендерсіз сырғанауға тыйым салынады.

Ауа райын бақылаңыз

Есіңізде болсын, суық ауа райында мұз қалыңдайды, бірақ температура жылынып кетсе, мұз жұқарып, қауіпті болады. Қатты боран, тұман немесе қар жауып тұрса, мұзда жүру қауіпті. Мұндай әрекеттер – қыста мұз үстінде балық аулауды қауіпсіз етеді. Қорытындылай келе, көл бетіндегі мұзда сырғанау қызықты, бірақ тек қауіпсіздік шараларын сақтаған жағдайда ғана рұқсат етіледі. Күмән туған кезде мұзға шықпаған жөн.

Қорыта айтсақ, қыста табиғат аясында демалуды ұнататындар үшін қауіпсіздік шараларын сақтау өте маңызды. Салқын ауа райы, мұз бен қар көптеген қауіптерді тудыруы мүмкін. Сондықтан барынша қауіпсіздік шараларын сақтаңыз. Демалыстарыңыз сәтті өтсін!



БІЛІМ

Мектептердегі тамақтану сапасы:

ТЕҢГЕРІМДІ ТЕГІН ТАМАҚ

қалалық әкімдік оқушылар тамағына бөлінетін қаржы мөлшерін көбейтті

Түрксіб ауданындағы №211 гимназияда Алматы қаласы Қоғамдық кеңесі комиссиясының денсаулық сақтау, білім беру және әлеуметтік қорғау мәселелері бойынша №5 комиссиясы ведомствоаралық жұмыс тобының кеңейтілген отырысы өтті.

Рая
ЕСКЕНДІР

«Қауіпсіздік пен тамақтану – басты назарда» деп аталатын жұмыс тобының отырысына Мәслихат депутаттары, Қоғамдық кеңес мүшелері, аудан әкімдерінің орынбасарлары мен аудандық білім бөлімдерінің басшылары қатысты.

Күн тәртібінде мектептегі қауіпсіздік, оқушыларды сапалы тамақпен қамтамасыз ету мәселелері қаралды. Алдымен жұмыс тобының көшпелі отырысына қатысушылар мектептегі тігін, қыш өнері шеберханаларын аралап, олардың жұмысымен танысты. Сонымен қатар, мектеп асханасын аралап, ондағы бракераж комиссиясының жұмысын зерделеді. Аталмыш жиынды Алматы қаласы әкімінің орынбасары Әсем Нүсіпова ашып, төрағалық етті.

– Қала мектептерінде бірыңғай стандарттарға сәйкес, 4 апталық тегін тамақтану мәзірі бекітілген. Бұл ретте, егер ата-аналар балаларының қандай тамақ ішетініне қызығушылық танытып жатса, күнделікті ас мәзірін Білім басқармасының немесе сол білім беру ұйымдарының сайтынан да көрулеріне болады. Қазіргі таңда мектептердегі



Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

тамақтану сапасына күнделікті мониторинг жүргізіп отыратын арнайы комиссия бар. Оның құрамында медицина қызметкерлері, мектеп әкімшілігі және ата-аналар бар. Қазіргі таңда қалалық әкімдік оқушылардың тамағына бөлінетін қаржы мөлшерін көбейтіп отыр. Мәселен, биыл қала бюджетінен бұл мақсат үшін 18,2 миллиард теңгеден астам қаржы қарастырылып отыр. Оқушыларды ұтымды, теңгерімді тегін тамақпен қамтамасыз ету үшін маусымдық және жас ерекшеліктерін ескере отырып, қаланың барлық мектептері үшін орталықтандырылған 4 апталық ас мәзірін Тағамтану академиясы бекіткен, – деді Әсем Нүсіпова.

• Қоғамдық кеңес мүшелері ата-аналардың пікірлері мен ұсыныстарын тыңдап, айтылған бастамаларға қолдау білдірді. Жиын соңында жұмыс тобының 2024 жылы атқарған жұмысы қорытындыланып, 2025 жылға арналған негізгі жоспарлар белгіленді.

АЗАМАТТЫҚ ҚОРҒАНЫС



Төтенше жағдайдан сақтана біліңіз

Алматы құтқарушылары бастауыш сынып мұғалімдеріне Төтенше жағдайлар кезіндегі мінез-құлық дағдысын үйретті.

Айнабай
МӘДІ

Балалардың қауіпсіздігі – біздің мемлекетіміздің басты басымдығы. Өскелең ұрпақтың болашағына әсер ететін тұлғаның бірі де бірегейі – бастауыш сынып мұғалімі. Шыны керек, «Білімнің негізі – бастауышта» деп беркерге айтылмаған. Баланың бойында балауса кезде, бастауыш сыныпта берілген білімнің құны өлшеусіз қымбат делінетіні сондықтан. Ал сол білімді балаға кім береді? Міне, баланың бойына сол дағдыны, білімді ойын түрінде ұғыныңқы етіп сіңіре білген ұстаздан артық кім бар? Тіпті, осы бір өмірлік мәнді қауіпсіздік саналатын төтенше жағдайдағы сақтық шараларының әліппесін, іс-қимыл дағдысын бастауышқа дейін, балабақшадан бастап там-тұмдап үйретсе, несі айып?!

Балдырғанның бойына сіңірілген білімнің іргетасы бастауышта қаланатыны дәлелдеуді қажет етпейтін ақиқат, яки аксиома. Өрі бүлдіршін шақта бала өміріне ұнайтын өнегелі дүниені өзіне тез қабылдайтыны бар. Ал ұстазы балалардың оқу қабілетін қалыптастырады, төтенше жағдайда өзін дұрыс ұстауды қалыптастырып, олардың ой-өрісін кеңейтіп, дүниетанымын қалыптастырады. Расында солай. Оқыту барысында педагогтар «Азаматтық қорғау туралы» еліміздің Заңын, ҚР ТЖМ бұйрықтарын, сондай-ақ табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар туындаған кездегі іс-қимылдарды зерделеді.

«Бастауыш сынып балаларын мектептен қалай дұрыс эвакуациялау, ғимараттар мен құрылыстардағы ТЖ кезінде қауіпсіз орындарды қалай анықтау керектігі туралы тереңірек білді десек, артық айтпаспыз. Сондай-ақ, бастауыш сынып мұғалімдері «дабыл дорбасының» мән-мазмұнымен танысты. Айта кетерлігі, барлық оқу іс-шарасы азаматтық қорғаудың барлық қажетті мүлкімен жабдықталған Алматы ТЖД арнайы жабдықталған кабинетінде өткізілді», – деп мәлімдеді Алматы қаласы ТЖД Азаматтық қорғаныс басқармасының мамандары.

БРИФИНГ

ПИРОТЕХНИКА

Отшашу құралдарын пайдаланғанда қауіпсіздікті қатаң сақтау маңызды

Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында жаңа жылдық мереке қарсаңындағы өрт және қоғамдық қауіпсіздік мәселелеріне арналған брифинг өтті. Пиротехникалық бұйымдарды дұрыс пайдалану тақырыбына ерекше назар аударылды.

Нұржамал
ӘЛШЕВА

Брифингке Алматы қаласы Төтенше жағдайлар департаменті басшысының орынбасары Рахман Кәрімжанұлы, Мемлекеттік өрт бақылау басқармасының аға инженері Жандар Елдосұлы, Алматы қаласы ПД әкімшілік полиция басқармасы басшысының орынбасары Тимур Серікұлы және Жедел медициналық көмек қызметінің медициналық бөлімі директорының орынбасары Андрей Ложкин қатысты.

«Жыл сайын Алматыда жаңажылдық мереке кезінде орта есеппен 11 өрт оқиғасы орын алады, олардың шамамен 18%-ы пиротехникалық заттармен байланысты. Кейінгі бес жылда осындай себеппен 57 өрт тіркелді. Біздің басты міндетіміз – осындай төтенше жағдайлардың алдын алу және қала тұрғындарын қорғау», – деп атап өтті Кәрімжан Рахман.

Сонымен қатар, өткен жылы 18 адам, оның ішінде 11 бала пиротехниканы дұрыс пайдаланбау салдарынан алған жарақаттарына байланысты медициналық көмекке жүгінді. Жедел жәрдем қызметі директорының орынбасары Андрей Ложкин ата-аналарды мереке кезінде балаларды мұқият бақылауға шақырды.

ТЖД және полиция өкілдері Алматыда «Пиротехника» операциясы жүргізіліп

жатқанын хабарлады. 19 желтоқсандағы жағдай бойынша пиротехникалық өнімдердің 141 қорабы және бірнеше рет атылатын «VIP салют» отшашуларының 125-і тәркіленді. Пиротехниканы заңсыз сатудың 22 дерегі анықталды. Тәркіленген өнімнің жалпы салмағы 365 кг құрады. Бұл бағыттағы жұмыс жалғасуда.

«Қала аумағында 145 мобильді топ жұмыс істейді. Біздің міндетіміз – қауіпті өнімдерді сатудың алдын алу, әсіресе, көмекке толмағандар арасында жарақат алу қаупін болдырмау», – деді полиция басшысының орынбасары Тимур Серікұлы.

Сонымен қатар, ТЖ департаментінің мамандары 72 қалалық шырша мен 17 мұз айдынының қауіпсіздігін тексерді. Меншік иелеріне өрт қауіпсіздігі туралы іс-шараларды күшейту бойынша ұсыныстар берілді.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

ЖАРАМДЫЛЫҚ МЕРЗІМІНЕ
ҮҢІЛІНІЗ

Брифинг спикерлері пиротехникалық заттарды дұрыс пайдалану жолдарын, яғни қауіпсіздік ережелерін айтты: – өнімдерді тек мамандандырылған дүкендерден сатып алыңыз, қаптаманың тұтастығын және жарамдылық мерзімін тексеріңіз;

– пиротехниканы жылы жерден және ылғалдан алыс ұстаңыз;

– оған сіріңке тигізген кезде адамдардан, ғимараттардан және ағаштардан 50 метр алыс тұрыңыз;

– фитильді тұтату кезінде өнімге еңкеймеңіз;

– 16 жасқа дейінгі балаларды пиротехникалық затты өз бетінше тұтатуына жол бермеңіз.

Осы қарапайым ережелер сіздің және жақыныңыздың қауіпсіз өміріңізді кепілді.

ПОЛИЦИЯ

БЕЙНЕБАҚЫЛАУ ЖҮЙЕСІ

Алматыда 2 мыңнан астам қылмыстың беті ашылды


Бейнебақылау жүйесі арқасында биыл Алматыда 2 мыңнан астам қылмыстың беті ашылып, 15 мыңға жуық қоғамдық тәртіп бұзушылық анықталған.

Мереке қарсаңында полицейлер күшейтілген жұмыс режиміне көшпек. «Заң және тәртіп» науқаны аясында Алматыда атқарылған жұмыстар да нәтижелі. Қылмыс пен құқықбұзушылықтың айтарлықтай төмендегені байқалады. Бұл ретте 150 мыңнан аса бейнебақылау камерасының мүмкіндігі пайдаланылыпты. Тәртіп сақшылары әлденеше рейд өткізіп, қоғамдық орында, көшеде, сондай-ақ автокөлік жолдарында бақылауды күшейтпек.

«Жыл басынан бері тәртіп сақшылары 2 мыңнан аса қылмыстық істі ашуға атсалысты. Желтоқсанда мереке көп, сондықтан құқық қорғаушылар күшейтілген жұмыс режиміне ауысады», – деп мәлімдеді Алматы Полиция департаменті жергілікті полиция қызметі басқармасының бастығы Серік Шұмаев.

Алматыда осы жылы орнатылған бейнебақылау камераларының көмегімен біраз қылмыстың беті ашылып, әшкерә болды. Қоғамдық тәртіп те, жол апатының алдын алуда да бұл жүйенің мүмкіндігі кеңінен қолданылуда. Байқағанымыз, қала қауіпсіздігін қамтамасыз етуге күн сайын дерлік 800-ден аса полицей жұмылдырылады екен. Біз рейдке бірге шыққан тәртіп сақшылары автокөлік иелері мен мопед жүргізушілеріне түсіндіру жұмысы мен ескертуін жасап, жөн сілтеді. Ереже бұзғандары жауапкершілікке тартылды.

«Бүгінде қаламызда 800-ге жуық патрульдік қызметкер қызмет атқарады. Басты ұстаным – «Заң және тәртіп». Бірлескен күш-жігер арқасында ғана қаламызда қауіпсіздікті сақтап, заңдылықты жолға



Суретті түсірген Самат ҚҰСАЙЫНОВ.

КЕРЕК ДЕРЕК

Ағымдағы жылы қаламызда мопед жүргізушілерінің қатысуымен 743 жол-көлік оқиғасы тіркелген. Қос дөңгелекті автоқұрылғыны тізгіндеген 30 мыңнан астам адам жауапкершілікке тартылған. Айып тұрағына 1700-ден аса мопед жеткізілген.

қойып, әділеттілікті қамтамасыз етеміз», – дейді қалалық Полиция департаменті жергілікті полиция қызметі басқармасы бастығының орынбасары Тимур Ноғайбаев.

Айнабай ҚЫДЫРБАЙҰЛЫ.

ТҰЛФАТАНУ

ӘЛЕМ ӘДЕБИЕТІНІҢ АЙТМАТОВЫ

түркі халықтарының рухани-мәдени байланысын
нығайтуға зор үлес қосты



торы, профессор Қансейіт Әб-
дезұлы өз сөзінде:

«Бұл тек қырғыз халқының ғана емес, қазақ халқының да ортақ қуанышы. Қазақ пен қырғыз әдебиетін Айтматовпен бірге Абай Құнанбаев, Мұхтар Әуезов әлемге танытты. Ш.Айтматов қырғыздың «Манас» эпосын зерттеп, халық шығармашылығын жаңа деңгейге көтерді. Бұл ұлы тұлғалар екі халықтың мәдени және әдеби байланыстарын нығайтқан рухани диңгек», – деді.

Шыңғыс Айтматовтың проза-сы ерекше мұңға, сырға толы. Оның шығармаларында ұлттық болмыс пен әлемдік құндылықтардың үйлесімі көрініс тапқан. Жазушының «Жәмила», «Қош бол, Гүлсары», «Ақ кеме», «Ғасырдан да ұзақ күн», «Жан пид» сынды шығармалары әлемнің көптеген тілдеріне аударылып, халықаралық деңгейде мойындалған туындылар. Бұл туындыларда адамгершілік, махаббат, табиғатқа деген құрмет және рухани құндылықтар айрықша сипатталады.

Қырғызстаннан келген зиялы қауым өкілдері Айтматовтың қырғыз әдебиетіндегі орнын ғана емес, оның қазақ әдебиетімен үндестігін де ерекше атап өтті. Қазақ пен қырғыз халықтарының тарихы, салт-дәстүрлері мен рухани байланысы жазушының туындыларында ерекше көрініс тапқанын жеткізді. Бұл халықаралық іс-шара Шыңғыс Айтматовтың ұлы мұрасын дәріптеу арқылы түркі халықтарының мәдени-әдеби байланысын нығайтуға зор үлес қостық.

Шараның басты мақсаты – жастарды әлем әдебиетінің биік шыңына жеткен Шыңғыс Айтматовтың шығармашылығымен таныстыру және оның туындылары арқылы ұрпақ бойында рухани құндылықтарды қалыптастыру.

ӘРІПТЕС ӘЛЕМІ



(Дереккөз: egemen.kz).

ҚАЗАҚ БАСПАСӨЗІНІҢ
ҚАРАШАҢЫРАҒЫ

«Егемен Қазақстан» газетінің жарық
көргеніне – 105 жыл!

Сонау 1919 жылы «Ұшқын» атымен алғашқы нөмірі жарық көрген басылым уақыт өте келе газеттің атауы уақыт пен заман ағымына сай 1921–1932 жылдары – «Еңбекші Қазақ», 1932 жылдан бастап «Социалды Қазақстан», 1937 жылдан «Социалистік Қазақстан» атауына ие болды. Қазақ журналистикасының символына айналған басылым еліміз егемен атанғаннан кейін, яки 1993 жылдан бастап «Егемен Қазақстан» атауын алды.

Айнабай
МӘДИ

105 жылдық тарихында газет дәйім ұлттық мәселелерді көтеріп, қоғамдық сананы қалыптастыруға сүбелі үлес қосуда. Басылымға қазақтың көрнекті тұлғалары – Смағұл Сәдуақасов, Сәкен Сейфуллин, Мұхтар Әуезов, Бейімбет Майлин, Шерхан Мұртаза, Әбіш Кекілбаев басшылық етіп, талай тарлан көсемсөз шеберлері газет мазмұны мен идеологиясын байыт-

ты. Еліміздің басты басылымында бұл дәстүр бүгін де жалғасын тауып келеді.

Осы күні «Егемен Қазақстан» еліміздің барлық өңірінде оқылады әрі жаңа технология мен заман талабына сай акпарат таратуда белсенді жұмыс істеп келеді. Ғасырдан аса шежіресі бар газет қазақ журналистикасындағы кәсібиліктің кемел көрінісі, уақыт талабымен үндес жарқын жаңашылдық пен ұлт руханиятына адал қызмет етудің озық үлгісі.

Бірі күн бұрын «Егеменнің» елдік жолы» тақырыбында мәдени-интеллектуалдық форум өтті. Жиналғандар мерзімді басылымдар арасындағы сабақтастық туралы пікір алмасып, жаңа заман баспасөзінің даму бағыты жайында ой өрбітті. Бүгінде газетте жалпы 90 адам жұмыс істейді.

Мерекеге орай, басылымның бірқатар қызметкері марапатталды. Қазір ғасырлық тарихы бар республикалық басылымның бір күндік тиражы – 80 мың, апталық тиражы – 400 мың, интернет нұсқасының апталық қаралымы – 300 мыңға жетті. Әлемге танымал «Егеменнің» АҚШ, Ресей, Моңғолия, Сингапур, Қытай, Норвегия, Швеция, Түркия, Ирландия, Германия, Болгария, Өзбекстан және басқа да бірқатар мемлекеттерде тұрақты оқырмандары мен жанашырлары бар.

Әлемге танымал жазушы Шыңғыс Айтматовтың туған күніне орай «Ш.Айтматов біздің жүрегіміз» атты халықаралық іс-шара ұйымдастырылды.

Аяжан
СЕРІКҚЫЗЫ

Бұл шара Алматы қаласында өтіп, әдебиет сүйер қауым мен зиялы тұлғалардың басын қосты. Жиынға жазушының өмірі мен шығармашылығын қастерлейтін қонақтар қатысып, Айтматовтың мәдени мұрасының маңыздылығын тағы да бір рет атап өтті. Іс-шара аясында Шыңғыс Айтматовтың шығармаларына арналған кітап көрмесі ұйымдастырылды.

Көрмеде жазушының әлемнің бірнеше тіліне аударылған шығармалары, сирек басылымдар және оның өмірі жайлы фото-суреттер көрермен назарына ұсынылды. Сонымен қатар, шара барысында викториналық сұрақтар

ұйымдастырылды. Шараға жоғары оқу орындарының студенттері мен оқушылар қатысты. Бұл шара жастардың Айтматов мұрасына деген қызығушылығын арттырып, оларды жазушының еңбектерін тереңірек зерттеуге ынталандырды.

Іс-шараның негізгі бөлімі – «дөңгелек үстелге» ТҰРКСОЙ халықаралық ұйымының бас хатшысы Сұлтан Раев, Ш.Айтматов атындағы халықаралық қордың өкілдері, Қазақстан және Қырғызстан Республикаларының зиялы қауым өкілдері, этномәдени орталықтардың басшылары қатысты. Бұл жиында Айтматов шығармашылығының бүгінгі күндегі маңызы мен оның түркі әлемі мәдениетіне қосқан үлесі жан-жақты талқыланды. «Дөңгелек үстел» барысында ұлттық күй орындалып, қырғыздың «Манас» жыры мен қазақ күйлері екі халықтың ортақ рухани қазынасы ретінде ерекше атап өтілді. Шыңғыс Айтматовтың шығармашылығы қазақ пен қырғыз ғана емес, бүкіл түркі әлемінің ортақ мәдени мұрасы екендігіне баса назар аударылды.

Филология ғылымының док-

САРА МЫҢЖАСАРОВА – 100

ЖАЗУШЫ МҰРАСЫ

болашақ журналистер мен зерттеушілер үшін сарқылмас шабыт көзі

Қазақ әдебиеті мен публицистикасында айрықша қолтаңба қалдырған жазушы, публицист Сара Мыңжасарованың 100 жылдығына орай Алматыдағы «Тұран» университетінде республикалық ғылыми-тәжірибелік «дөңгелек үстел» өтті. Бұл шара білім мен ғылымның өзекті мәселелерін, сондай-ақ қазіргі массмедияның рөлі мен бағыттарын талқылауға арналды. Іс-шараға еліміздің түкпір-түкпірінен келген белгілі ғалымдар, ақын-жазушылар, журналистер, қоғам қайраткерлері қатысты. Сара Мыңжасарованың әдеби және публицистикалық мұрасы – қазақ руханияты үшін ерекше құндылық, әрі қазіргі медианың дамуында маңызды үлгі болып табылады.

Ернұр
РЫСБАЙ

«Дөңгелек үстелді» «Тұран» университетінің Стратегиялық даму, ғылым және инновациялар жөніндегі проректоры, экономика ғылымының кандидаты, PhD докторы Дина Разакова ашып, қатысушыларға алғысын білдірді. Өз сөзінде ол Сара Мыңжасарованың шығармашылық мұрасын зерттеудің маңызына тоқталып, университет қабырғасында осындай іс-шаралардың өтуі студенттерге, жас ғалымдарға бағыт-бағдар беретінін атап өтті.

Жиында Қазақстан Жазушылар одағы төрағасының орынбасары, филология ғылымының докторы, профессор, Ұлттық Ғылым академиясының академигі, «Қазақ әдебиеті» газетінің бас редакторы Бауыржан Жақып та мазмұнды баяндама жасады. Ол Сара Мың-

жасарованың публицистикалық еңбектеріне тоқталып, жазушының терең ойлы шығармаларының заманауи журналистикаға ықпалына ерекше назар аударды.

«Сара Мыңжасарова – Ақтөбе облысы, Шалқар ауданында 1924 жылы дүниеге келген, биыл туғанына 100 жыл толып отыр. Ол кісі қазақ әдебиетінде өзіндік ерекше орны бар қаламгер. Қазақ қыздары арасынан тұңғыш роман жазған жазушы апамыз. Оның бірнеше романдары, көптеген әңгімелері мен повестері жарық көрген. Қазақ публицистикасының дамуына сүбелі үлес қосқан тұлға. Жазушының көптеген очерктері мен публицистикалық шығармалары кезінде жарияланып, халық арасында кең тарады. Оның еңбектері – халық тарихы мен руханиятының айнасы. Осы мұра журналистика саласында зерттеліп, жаңа буынға жол көрсетуі тиіс», – деді Б.Жақып.

Сонымен қатар, жазушы-публицист Ма-



(Сурет: qazaquni.kz).

ғира Қожахмет өз ойымен бөлісті. Ол Сара Мыңжасарованың туындыларындағы әлеуметтік мәселелердің көтерілуі мен ұлттық құндылықтарды насихаттау бағыттарын ерекше атап өтті.

«Бүгінгі конференция – өте маңызды шара. Бұл жерде қазақтың белгілі тұлғалары, жазушылар мен ғалымдар бас қосып отыр. Сара Мыңжасарова апамыз – қазақ қыздарының арасынан шыққан тұңғыш романист жазушы. Оның шығармашылығы тек қазақ әдебиетінің ғана емес, жалпы еліміздің мәдени мұрасының баға жетпес бөлігі.

Сара Мыңжасарованың мерейтойы аясында республика көлемінде көптеген іс-шаралар өтті. Ақтөбе облысында жыл бойы Сара Мыңжасарованың шығармаларына арналған акциялар ұйымдастырылды. Сонымен қатар, өлке баспасынан апамыздың екі кітабы жарық көрді. Бұл шаралар халықтың жазушыға деген ерекше құрметін көрсетеді», – деді Мағира Қожахмет.

Бұл жиын тек жазушының шығармашылығын еске алумен ғана шектелмей, қазіргі заманғы массмедияның даму бағыттарын талқылауға да мүмкіндік берді. Сара Мыңжасарованың мұрасы – болашақ журналистер мен зерттеушілер үшін сарқылмас шабыт көзі.

Осыған орай, оның еңбектерін тереңірек зерттеп, қазіргі медиа кеңістігінде пайдалану – ұлттық журналистика мен әдебиеттің дамуына қосылатын үлкен үлес. «Тұран» университеті ұйымдастырған бұл іс-шара қазақ әдебиеті мен публицистикасының болашағына арналған маңызды қадамдардың бірі болды.



ҚҰРМЕТ



ҚҰШАҚ ГҮЛГЕ ТОЛҒАН КҮН

Алматы қаласының әкімі қазақтың бұлбұлын
Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың
атынан құттықтады

Аты аңызға айналған опера әншісі, КСРО Халық артисі,
«Отан» орденінің иегері, ұлттық мәдениеттің дамуына баға жетпес үлес
қосқан Алматының Құрметті азаматы, академик Бибігүл Төлегенова
16 желтоқсанда 95 жасқа толды.



Нұржамал
ӘЛШЕВА

Көмейіне бұлбұл ұялаған аяулы әншіміз –
Бибігүл Ахметқызын Алматы қаласының
әкімі Ерболат Досаев Президент Қасым-
Жомарт Тоқаевтың атынан құттықтады. Құт-
тықтау хатта оның өнердегі сіңірген еңбегі,
елдің алтын қорына енген бай шығармашы-
лық мұрасы және талантты оқушыларды
тәрбиелеуге қосқан үлесі атап өтілген.

МӘДЕНИЕТ

НӘЗІК ТЕ БЕКЗАТ ӨНЕР

Алматы студенттері халықаралық балет
артистері байқауында топ жарды



(Сурет: ашық дереккөзден).

Жуырда А.Малдыбаев атындағы
Қырғыз ұлттық академиялық опера
және балет театрында көрнекті
қырғыз бишісі әрі балетмейстері Уран
Сарбағышевтың 90 жылдығына
арналған «Улуу-Элес» I Халықаралық
балет артистері байқауы өтті.

Оған Ресей, Қазақстан, Өзбекстан, Жапо-
ния және Қырғызстан балет артистері, хо-
реографиялық оқу орындарының студенттері
мен балетмейстерлері қатысты.

Байқауда біздің мегаполисте орналасқан
Александр Селезнев атындағы Алматы хо-
реографиялық училищесінің студенттері
жоғары нәтижелер көрсетті. «Улуу-Элес»
байқауының 1-орны – Амина Батаеваға,
2-орын – Ақбота Абылқасеноваға, ал 3-орын

Томирис Ақын мен Алихан Нақысхожаевқа
бұйырды. Дипломанттар: Ирина Беккер,
Анастасия Петина, Алишер Қасымхан, Арсен
Ермеков.

Байқаудың ерекше марапаты – Роберт
Уразильев пен Инга Левченко атындағы
жұлдені Бубусара Бейшеналиева атындағы
Қырғыз мемлекеттік мәдениет және өнер
университеті тағайындаған. Бұл айтулы жұл-
дені Ирина Беккер мен оқытушы – Қазақ КСР
еңбек сіңірген артисі Людмила Мунсекқызы
Ли иеленді.

Байқау балет өнерін дамыту мен насихат-
тауға, дарынды орындаушыларды анықтап,
қолдауға, балет артистерінің кәсіби шеберлік
деңгейін арттыруға, сондай-ақ, балет сала-
сындағы халықаралық мәдени байланыстар-
ды нығайтуға бағытталған.

Нұр ЖАМАЛ.

КІТАП – КӨҢІЛ КІЛТІ

«ҒАБИТ МҮСІРЕПОВ»

энциклопедиясының таныстырылымы өтті

ҚР Ұлттық кітапханасында
Алматы қаласы әкімдігі мен Алматы
қаласы музейлер бірлестігінің қол-
дауымен С.Мұқанов пен Ғ.Мүсіре-
повтің әдеби-мемориалдық музей
кешені ғылыми қызметкерлерінің ұзақ
жылғы ғылыми-зерттеу жұмысы
нәтижесінде жарық көрген «ҒАБИТ
МҮСІРЕПОВ» энциклопедиясының
таныстырылымы өтті.



Айнабай
МӘДИ

Энциклопедия Еңбек Ері, академик, Қа-
зақстанның халық жазушысы, драматург
Ғ.Мүсіреповтің өмір жолымен, танымдық мол
деректермен кестеленген. Қазақ әдебиетінің
классигінің өскен ортасы, шығармаларының
жазылу тарихы, әдеби байланыстары, ой-тұ-

жырымдары, замандастарының лебізі молы-
нан қамтылған. Энциклопедияны шығарудағы
басты мақсат – сөз зергерінің өмірі мен шы-
ғармашылығын кеңінен насихаттау, оны ғылы-
ми айналымға түсіру, оқырмандардың қазақ
әдебиетіне деген құрметін арттыру. Танысты-
рылым жиынын аталған музей кешенінің ұзақ
жыл басқарған ақын, Қазақстан Жазушылар
одағы поэзия кеңесінің төрағасы Әділғазы
Қайырбеков жүргізіп отырды.

«ҒАБИТ МҮСІРЕПОВ» тұлғалық энцик-
лопедиясының бас редакторы және құрасты-
рушысы – ақын, Халықаралық «Алаш» әдеби
сыйлығының лауреаты, филология ғылымы-
ның кандидаты, «Құрмет» орденінің иегері
Ә.Қайырбеков. Энциклопедияның алғысөзін
Қазақстан Жазушылар одағы басқармасының
төрағасы, жазушы Мереке Құлқенов, Алматы
қаласы музейлер бірлестігінің директоры
Ләззат Сағындықова жазған.

ҚР Президентінің кеңесшісі Мәлік Отар-
баев Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт
Тоқаевтың «Құттықтау хатын» жеткізді.

INTERNATIONAL LIBRARY OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN



Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Асанәлі ӘШІМОВ,
КСРО және Қазақстанның халық артисі:

БҰРЫН-СОНДЫ МҮНДАЙ ЖИНАҚЫ ДҮНИЕНІ КӨРГЕН ЖОҚПЫН

Ғабит Мүсірепов, Ғабиден Мұстафин мен Сәбит Мұқанов – классик-жазушылар. Сол ұлы
жазушылардың ішінде Ғабит Мүсірепов – негізінен, менің авторым. «Қозы Көрпеш – Баян
сұлу», «Қыз Жібек» секілді лиро-эпостық жырлар желісінде бірталай драмалық шығарма
жазып, музыкалық туындыларға либретто жазған ұлы жазушы. Ғабене арналған мына энцик-
лопедия – өте тартымды басылым, бұрын-сонды мұндай қызықты да жинақы дүниені көрген
жоқпын. Осындай тиянақты да құнды энциклопедияны әзірлеу оңайға соқпағаны байқалады.

Ғабит Мүсірепов – академик, жазушы-драматург. Соның ішінде кинодраматург ретінде
маған етене жакын. Бірталай кинотуындыға сценарий жазды. Әйгілі «Қыз Жібек» кинофильмі
сценарийін жазған редакторлар тобының жетекшісі де Ғабен болатын.

Нұрлан ОРАЗАЛИН,
Қазақстанның халық жазушысы:

ХАЛҚЫНЫҢ ҚАМЫН ЖЕГЕН ТАРИХИ ТҰЛҒА

Бұл энциклопедия – өткен шақты еске түсіретін тамаша туынды болуымен бірге, болашақ-
қа үлгі болар басылым. Қазақ тіліндегі бұл басылым халқымыздың тарихи тағдырымен тамыр-
лас ұлы жазушының ғұмырнамасы. Осының өзінен халқымыз қандай күрделі жағдайды бастан
өткерсе де, қазақ тілінің өміршеңдігі білінеді. Әдебиетіміздің алыбы Мүсірепов XX ғасырдың
30-шы жылдарында-ақ халқының басына ауыр күн туғанда ел қамын жеген тарихи тұлға. Оған
Сталинге жазылған әйгілі «Бесеудің хаты» дәлел бола алады.

Жетпісінші жылдардың соңында ұлы жазушымен жүздескен адаммын. Ұлы Ғабенмен
әдебиетіміздегі драмалық шығармалар қақында 2-3 сағат сұхбаттасуға тура келгені бар. Жазу-
шы Әлжаппар Әбішевтің құлаққағыс етуіне қарамастан, жастау кезім ғой, академик жазушы-
ның алдына қорықтастан, айрықша құлшыныспен бардым. Ол кісінің еліміздің ғана емес, әлем
әдебиетінен хабардар екеніне көзім жетті. Маған ерекше әсер еткені, жастар шығармашылы-
ғына, соның ішінде жас драматургтер шығармасына ден қоятыны.

Ғайһар МҮСІРЕПОВА,
академик, жазушының қызы:

БҰЛ – ТӨККЕН ТЕРДІҢ ЖЕМІСІ

Біздің әкеміздің өскен ортасы, киын да қызық тағдыры, өмір жолы мен шығармашылығы-
на қатысты қызықты деректерді жан-жақты жинап, талдау жасаған энциклопедияға басшылық
еткен Әділғазы Жақсылықұлына алғысым шексіз.

Энциклопедияны жинақтау жолындағы Әдекеннің еңбегі ұшан-теңіз. Бұл да болса, әйгілі
жазушы әкемізге, оның шығармасына деген ерекше ынта-ықылас деп білемін. Әкеміздің шығар-
маларына шын мәнінде тәнті адамдардың ғана қолынан келетін ерен еңбек бұл. Осы үшін де
отбасымызбен алғыс айтамыз.

Әкем Ғабит Махмұдұлының сонау 1926 жылдан бергі үкіметтегі, әдебиеттегі еңбегін ерекше
ықыласпен зерттеп, зерделеу оңай шаруа емес. Қаншама адамдармен кездесіп, сұхбат құрғанын
біліп, сезіп отырмыз. Сарайған мұрағаттарды ақтару, тағысын-тағы – бұл қыруар уақыт пен ерен
еңбектің арқасы. Музей қызметкерлеріне алғысымды айтамын. Өйткені, бұл – теккен тердің
жемісі, ұжымдық жұмыстың нәтижесі.

Әділғазы ҚАЙЫРБЕКОВ,
ақын, филология ғылымының кандидаты:

ҰЗАҚ ЖЫЛҒЫ ЗЕРТТЕУДІҢ НӘТИЖЕСІ

Бұл Ғабит Мүсіреповтің тұлғалық энциклопедиясы – Алматыдағы Сәбит Мұқанов пен
Ғабит Мүсірепов әдеби-мемориалдық музей кешені қызметкерлерінің ұзақ жылғы ғылыми-
зерттеу жұмысы. Бұған біз он жылға жуық уақытымызды арнадық. Мен музей басшылығында
болған шақта үлкен бір жобаны қолға алуды жоспарлағанбыз. Сол жоба осы энциклопедия
болатын.

Академик жазушы Мүсіреповті жұртшылық, оқырман қауым шығармалары арқылы біл-
генімен, ол кісінің өмірін, айналасын, ұрпақтары мен туыстарын, шығармаларының жазылу
тарихын біле бермеуі мүмкін. Ғабеннің тағдыры да елінің тағдырымен тамырлас. Осының
бәрін оқырман қауым білсін деген ниетпен жинақталған дүние бұл. Осы сауалдарға жауапты
бұл ғылыми-көпшілік басылымнан табуға болады.



ЖЫЛ ЖЕТІСТІГІ

ЖҰДЫРЫҚТАЙ ЖҮРЕКТІҢ
ЖАНАШЫРЛАРЫ

Желтоқсан айында әдеттегідей жылдық жұмыс қорытындыланады. Осыған орай, Алматыдағы Кардиология және ішкі аурулар ҒЗИ Басқарма төрағасы Марат Пашимов өткен жылдың жетістікке толы, жемісті және қызықты болғанын айтып өтті. Бұл үлкен ұйымшыл ұжымның әр мүшесі үшін үлкен жетістіктерге толы жыл болды. Қомақты жұмыстар атқарылды.

КІАҒЗИ халықаралық стандарттарға сәйкестігін растап, JCI аккредиттеу рәсімінен тағы да өтті. Халықаралық комиссия мүшелері пациенттерге сапалы көмек көрсету бойынша команданың үйлесімді жұмысын атап өтті. Аудиторлар тобы институтта қолданылатын тиімділік пен сапа жекелеген индикаторларын – қант диабетімен ауыратын жүкті әйелдерді бағыттау тәжірибесі, кардиологиялық оңалту кезеңдері арасындағы сабақтастық критерийлері, ішекті эндоскопияға дайындау сапасының көрсеткіштері және т.б. индикаторларды JCI халықаралық кітапханасына беру туралы шешім қабылдады. Мұндай озық тәжірибелер болашақта бүкіл әлем бойынша медициналық ұйымдар арасында таралып, тәжірибе алмасуға және медициналық қызметтердің сапасын арттыруға ықпал етері сөзсіз.

Сапа критерийлері мен ұлттық стандарттарға сәйкестігі, персоналдың жоғары кәсіби шеберлігі Ұлттық аккредиттеудің жоғары санатын тағы да растауға мүмкіндік берді.

Бірегей кардиохирургиялық, рентген-эндоваскулярлық және аритмологиялық операциялар жүргізілді. Бұл LVAD, соңғы буын ROTA PRO жүрек тамырларының ротабляциясы жүйесін қолдана отырып, коронарлық артериялардың кальциленген зақымдануы бар науқастарға тері арқылы коронарлық араласулар, созылмалы жалпы окклюзияларды реканализациялау – коронарлық артериялардың зақымдануының ең күрделі түрлерінің бірі.

Жүректің өткізгіш жүйесінің әртүрлі аймақтарына тұрақты ынталандырушы элек-



тродтарды имплантациялауға негізделген кардиостимуляцияның инновациялық әдісі енгізілді. Гис байламының сол аяғын ынталандыру имплантациялауға оңай және тұрақты. Жүректің өткізгіш жүйесіне ынталандырушы электродтарды имплантациялау пациенттерге жүрек қызметі жеткіліксіздігінің дамуын болдырмауға ықпал етеді. Кардиостимулятор тәулік бойы жұмыс істейді, жүректің қызметін ынталандырады және жүрек соғу жиілігі шекті деңгейден төмендеген кезде сұраныс бойынша қосылады. Бұл жүректің қалыпты жұмыс істеуіне мүмкіндігінше жақын физиологиялық ынталандыруға мүмкіндік береді.

Сондай-ақ, бала кезінен ауыратын IV типті мукополисахаридозы бар 34 жастағы науқасқа индукциялық ферментті алмастыру терапиясы алғаш рет жүргізілді. Генетикалық зерттеулерге тест тапсыру ұсынылды, нәтижесінде өткен жылғы шілдеде IV типті мукополисахаридоз диагнозы қойылды. Содан бері ол Кардиология және ішкі аурулар ғылыми-зерттеу институтында бақылауда, өйткені институт ересектерге арналған орфандық орталық болып табылады.

ҒЗИ базасында еліміздегі ішектің қабыну ауруларын (ІҚА), қысқа ішек синдромын (ҚІС) емдеу және нутритивтік түзету жөніндегі алғашқы мамандандырылған орталық ашылды. Орталық жоғары сапалы диагностиканы, заманауи емдеу бағдарламаларын және психоэлеметтік қолдауды қоса алғанда, пациенттердің осы санатына мамандандырылған көмек көрсетеді. Оның негізгі міндеттері – ІҚА мен ҚІС бар науқастардың өмір сүру сапасын жақсарту, болжамды жақсарту және ықтимал асқинулардың алдын алу. Орталықтың бірегейлігі – диагностиканың заманауи технологияларының, терапияның үлкен арсеналының және пациенттерге оңалту және емдеу қызметтерінің толық спектрін алуға мүмкіндік беретін көпсалалы топтың болуы. ІҚА мен ҚІС емдеу және нутритивтік түзету бойынша мамандандырылған орталық білікті көмекке мұқтаж кез келген адам үшін ашық.

Халықаралық ынтымақтастық аясында Пиза университетінің (Италия) дипломнан кейінгі білім беру кардиология институтымен кардиология, жүрек-қан тамырлары хирургиясы, интервенциялық кардиология,

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Марат
ПАШИМОВ,
Кардиология және
ішкі аурулар ҒЗИ
Басқарма
төрағасы:



АЛМАТЫДА
АЛҒАШ РЕТ
MITRACLIP КӨМЕГІМЕН
ОТА ЖАСАЛДЫ

Алматыда алғаш рет 72 жастағы науқасқа MitraClip жүйесінің көмегімен митральды қақпақшаны эндоваскулярлық клиптеу бойынша миниинвазивті рентген операциясы жүргізілді. Бұл технология қатар жүретін аурулардың болуына және операциядан кейінгі асқинулардың даму қаупіне байланысты «ашық» операцияға жарамсыз пациенттер арасында жетекші еуропалық клиникаларда өзін жақсы дәлелдеді. Жұмсақ миниинвазивті әдіс институт пациенттеріне қолжетімді болды. Импланттың қымбаттылығына қарамастан, пациенттерге операция жасау тегін. MitraClip құрылғысы ең жақсы медициналық технология үшін Prix Galien USA (Нобель сыйлығының баламасы) сыйлығына ие болғанын айта кеткен жөн.

Қалқаниша безінің қатерсіз түйіндерін хирургиялық емес емдеу алғаш рет енгізілді – қалқаниша безді хирургиялық алып тастауға тамаша балама болып табылатын радиожиілікті абляция. Қалқаниша безінің қатерсіз түйіндік түзілімдерін аз инвазивті емдеудің инновациялық, жоғары тийімді әдістері қазір Алматыда МӘМС шеңберінде пациенттерге қолжетімді.

реаниматология және қарқынды терапия сияқты бағыттар бойынша ынтымақтастық туралы меморандумдар жасалды. Kansai Electric Power (Жапония) медициналық ҒЗИ-мен диабетология, эндокринология және метаболизм, ревматология және кардиология бойынша ынтымақтастық туралы Меморандум жасалды, бұл ғылыми әлеуетті дамытудың жаңа кезеңін білдіреді.

Ағымдағы жылы материалдық-техникалық базаны одан әрі жақсартуға, оқытуға көңіл бөле отырып, кадрлық әлеуетті күшейтуге ерекше назар аударылды. Келер жылы бірлесіп шеше алатын жаңа міндеттер тұр.

АБЫРОЙ

«АЛТЫН СКАЛЬПЕЛЬ»
ордені дәрігерлер кеудесінде жарқырады

Жылды да аяқтап қалдық. Артымызға бұрылып, атқарылған жұмыстарды електен өткізіп, таразылайтын, бағалайтын, ал үздіктерді марапаттайтын сәт туды. Кеше Алматының дәрігерлері кеудесіне жарқыраған «Алтын скальпель» орденін тақты.

Денсаулық сақтау жөніндегі халықаралық қоғамдық үйлестіру комитетінің беделді «Gold Scalpel» орденіне Алматы Орталық қалалық клиникалық ауруханасының гинекологиялық бөлімшенің гинекологы Алиса Байназарова мен қабылдау бөлімшесінің хирургі Құрбанай Исакова лайық деп танылды. Олар талай жанға өмір, қуаныш сыйлап жүрген ақ халатты абзал жандар.

Құрмет көрсетілген қызметкерлер қатарында неврологиялық бөлімшенің санитар-буфетшісі және 1986 жылғы Желтоқсан оқиғасының қатысушысы Аюпа Дүйсенбекова да бар. Оны әріптестері табанды, әділ мінезі және адалдығы үшін қадірлейді.

– Сіздердің кәсіби шеберліктеріңіз, мамандыққа, адамдарға деген адалдықтыңызыз және жұмысқа риясыз берілген жүректеріңіз жандарыңызда қанаттаса жүрген жастарға үлгі бола алады. Сіздердің осынау күш-жігер, еңбектеріңіздің арқа-



сында біздің аурухана пациенттер үшін сенімді тірек болып қала береді. Сіздер секілді кадрлардың арқасында мегаполистің денсаулық сақтау жүйесі қарқынды түрде дамып келеді, – деді Орталық қалалық клиникалық аурухана директоры Серікжан Сабыралиев.

ӘЛЕУМЕТ

«ДЕМЕУ»
талай жанға көмек беріп келеді

Алматы қаласының Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында мегаполисте орналасқан «Демеу» әлеуметтік қызметтер орталығының тыныс-тіршілігіне арналған брифинг өтті. Бұл тек қаладағы ғана емес, жалпы еліміздегі осындай мекемелердің алғашқыларының бірі. 1964 жылы құрылған орталық бүгінде өмірлік қиын жағдайға тап болған адамдарға әлеуметтік қызметтер мен қолдау көрсетеді.

Ұлы Отан соғысының ардагерлері мен қатысушыларына арналған Қарттар үйі ретінде ашылғаннан бері мекеме қызмет көрсету аясын өзгерту мен кеңейтудің ұзақ жолынан өтті. 2002 жылдан бастап психоневрологиялық аурулары бар адамдарға мамандандырылған көмек көрсетуде.

Орталықта паллиативтік көмек бөлімшесін қоса алғанда, жеті бөлімше жұмыс істейді, онда қамқоршыларға медициналық көмектің кең спектрі ұсынылады: мұнда дәрігердің тағайындауына сәйкес медициналық-әлеуметтік тексерулер, дәрігерге дейінгі көмек, оңалту іс-шаралары және медициналық процедуралар жүргізіледі. Орталық жоғары санатты мамандар жұмыс істейтін емдеу

кабинеттерімен, стоматологиялық және физиотерапиялық кабинеттермен, ЕДШ кабинетімен және массаж кабинетімен жабдықталған. Сонымен қатар, әлеуметтік-тұрмыстық, психологиялық және мәдени қызметтер ұсынылады.

– Орталықта әлеуметтік қызмет көрсету жүйесін жаңғырту шеңберінде құрылған және қаланың ең үздік әлеуметтік жобаларының біріне айналған дербес тұратын үй жұмыс істейді. Үйде жұмыспен қамтылған және өз бетінше өмір сүретін 15 адам тұрады. Оның тәжірибесін Қазақстан мен көрші елдердің мамандары қабылдады. Сонымен қатар, орталықта үй жағдайына жақын сыйымдылығы жағынан шағын екі үй жұмыс істейді.

«Біз әрбір қызмет алушының өзін қоғамның толыққанды мүшесі ретінде сезінуі үшін барымызды саламыз. Біздің қамқорлығымыздағы жандар республикалық және халықаралық жарыстарға қатысады. Сондай жарыстардың бірінде орталық командасы шағын футболдан өткен турнирде жүлделі орынға ие болған. Сондай-ақ, орталықтың 15 қызмет алушысы Астана қаласында өткен «Асыл жүрек» республикалық фестиваліне қатысып, 1-орынға ие болды, – деді «Демеу» әлеуметтік қызметтер орталығының директоры Д.Исакова.

Бүгінде орталықта қамқорлыққа алынған 704 адам тұрады, олардың 202-сі зейнет жасындағы жандар.

Бетті әзірлеген
Нұржамал ӘЛШЕВА



МЕДИЦИНА

ЕМХАНА ЕҢБЕГІ БІР ТӨБЕ

Басы ауырып, балтыры сыздағандардың жанынан бірінші болып табылатын дәрігерлер шыққан биік аласармасын

Тәуелсіздік алған жылдардан бастап еліміздің медицина саласы аяқтан тұрып қана қоймай, қарыштап даму кезеңіне аяқ басты. Медицина саласын қолдау үшін мемлекет тарапынан түрлі бағдарламалар қолға алынып, соның арқасында қаншама жетістікке жеттік. Соның ішінде емханалардың да еңсесі тіктеліп, материалдық жағдайы жақсарды.

Алмалы ауданында сонау 1999 жылдан қызметін жалғастырып келе жатқан Жанар Жиенбаеваның жетекшілігіндегі №8 қалалық емхана бүгінгі күні 55 104 тұрғынға қызмет көрсетуде. Іші медициналық құрал-жабдықтармен толықтай жабдықталған. Сондай-ақ, бір күнде 500-ге жуық адамды қабылдауға мүмкіндігі жетеді.

Бәсекеге қабілетті ортада жоғары ақпараттық технологияларды пайдалана отырып, пациенттің қауіпсіз, сапалы медициналық көмек алу құқықтарын қамтамасыз етуге бағытталған халыққа алғашқы медициналық-санитарлық және мамандандырылған медициналық көмек көрсетуде елеулі үлесі

бар. Мамандандырылған көмек бөлімшесі туралы айтқымыз келеді. Бұл – №8 қалалық емхананың негізгі бөлімшесі. Онда кардиолог, эндокринолог, невропатолог, хирург, инфекционист, маммолог, ревматолог, травматолог-ортопед, отоларинголог, офтальмолог, ревматолог, уролог, фтизиатр сынды «бейінді» маман-дәрігерлер шоғырланған.

Емханада диагностикалық қызметтердің

барлық түрі жүргізіледі, яғни рентгенография, флюорография, барлық органның ультрадыбыстық зерттеу жүйесі (іш қуысының, жүрек пен бүйректің, қалқанша безінің, сүт безінің, жамбас мүшелерінің, жүкті әйелдерге арналған ультрадыбыстық зерттеу кешені, спирография, ЭЭГ, холтер, УДГ, КТ және МРТ (жолдама беру арқылы) бар.

Емделуші үшін не маңызды? Әрине,



медицинаның сапасы. Ол дегеніміз, медициналық көмектің қолжетімділігі және дәрігерлердің пациентке деген жылы көзқарасы. Екінші жағынан, бірнеше сағат бойы кезекте тұрғызбай, межелеген уақытта дәрігердің қабылдауынан өтуі. Емхана дәрігерлері осы үдеден шығып жүр. Оған емхана жәшігіне түсетін алғыс хаттар куә.

Иә, емхана дәрігерлерінің еңбегі бір төбе. Мұндағы ақ халатты абзал жандар басы ауырып, балтыры сыздаған жандардың жанынан бірінші болып табылып, ауруын асқындырып алмайтындай кәсіби кеңестерін беріп, ем-домын тағайындайды. Бір сөзбен айтқанда, қызуы көтеріліп тұмауратқан бала да осында, қан қысымы көтеріліп мазасы қашқан кәрі де осы жерден табылады. Дәрігер-мамандар, сондай-ақ, нәрестелердің шетінеуіне, ана өліміне жол бермеу, онкологиялық ауруларды ерте сатысында анықтау сынды міндеттерді басты мақсат етіп, нақты істерді атқарып келеді.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Жаңыл ИСМАИЛБЕКОВА,
қала тұрғыны:

БІЗДІ ЖЫЛЫ СӨЗДЕРІ-АҚ ЕМДЕЙДІ

Біздің №8 емханада жүрегі үлкен дәрігерлер қызмет етеді. Ауырып бара қалсаңыз, жылы қабағы мен жылы сөздерімен-ақ жадырап сала береміз. Әсіресе, дәрігер Нұрсұлу Бахчанқызы мен медбике Гүлбану Бисенғалиқызына алғысым ерекше. Олардың пациенттер үшін атқарып жатқан еңбегі ұшан-теңіз, өлшеусіз десем қателеспеймін.

Нұрсұлу Бахчанқызы алдына барған жанның көңіл күйінің тамыршысындай, бірден баурап алады. Ол тағайындайтын ем-домның әрқашан тиімді болатынына талай куә болып жүрміз. Ал Гүлбану Бисенғалиқызының қолы сондай жеңіл, салған уколы білінбейді. Бұл, әсіресе, инеден қорқатын кішкентай балаларға оңтайлы деп білемін.

Дәрігерлердің атына бұрыс пікірлер айтатындарды құптамаймын. Себебі, денсаулығымыз мазаласа, жанымыздан табылатын сол ақ халатты жандар. Өзім тіркелген емхана ұжымына тек қана алғыс арқалап жүре берсін деген тілек айтамын.

ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯ

ҚҰРСАҚТАҒЫ
ҰРЫҚТЫ ДА
ЕМДЕЙМІЗ

Мегаполисте егіз күтіп жүрген бес жүкті әйелге бірегей ота жасалды

Алматы қаласындағы Перинатология және балалар кардиохирургиясы орталығының дәрігерлерімен бірлесіп, егізге жүкті, ұрықтың патологиясы диагнозы қойылған 5 әйелге тамырлы анастомоздарды лазерлік коагуляциялау бойынша бес бірегей операция сәтті жасалды.

ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің мәліметінше, хирургтар жүктілігі 20, 21, 27 апта болған аналарға құрсақшілік бірегей операциялар жасаған. Операцияларға Ресей денсаулық сақтау министрлігінің В.И.Кулаков атындағы Акушерлік, гинекология және перинатология ұлттық медициналық зерттеу орталығының ультрадыбыстық және функционалдық диагностика бөлімінің меңгерушісі, медицина ғылымының докторы, ана мен ұрық медицинасы қоғамының мүшесі (SMFM, АКШ) Кирилл Витальевич Костоков қатысты.

Перинатология және балалар кардиохирургиясы орталығы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің елдегі ұрық хирургиясын енгізу және дамыту жөніндегі алғашқы пилоттық жобасы болып табылатынын атап өту маңызды.

Феталдық медицина (ұрық хирургиясы) – бұл құрсақтағы ұрық емделетін жоғары мамандандырылған медицина саласы. Ұрық хирургиясы ұрықтың ерте патологиялық жағдайларын аз инвазивті ем-шаралармен түзетуге және емдеуге мүмкіндік беретін инновациялық технологияларға негізделген. Бұл өз кезегінде анаға сау бала туып, бақытты ана болуға мүмкіндік береді.

Феталдық хирургия бойынша мастер-класс Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің, Алматы қаласы әкімдігінің және «Аяла» қайырымдылық қорының қолдауымен Перинатология және балалар кардиохирургиясы орталығының базасында өтті.

ТЫҢ ЖОБА

Мегаполистің №29 қалалық емханасында аудиологиялық скрининг кабинеті ашылды. Бұл – балаларда есту қабілетінің бұзылғанын ертерек анықтауға бағытталған бірегей жоба. 2025-2026 жылдарға арналған «Мен естимін» пилоттық бағдарламасының бір бөлігі.

Бағдарлама Алматы қаласы Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасының қолдауымен, сондай-ақ САТР орталығы, «Пас Медикал» компаниясы және «Милосердие» ерікті қоғамы» қоғамдық қорының атсалысуымен жүзеге асырылды.

«Аудиологиялық скринингтік кабинет балалардың есту қабілетін ерте кезеңде диагностикалауға бағытталған. Бұл – уақытында емдеу мен нәтижелі оңалту үшін өте маңызды қадам. №29 емханада кабинет ашылғанға дейін мұндай тексерулер №5 қалалық клиникалық ауруханада келісім-шарт бойынша жүргізілген болатын. Енді диагностика Алатау ауданының тұрғындарына үйлерінің жанында,

«МЕН ЕСТИМІН»

№29 қалалық емханада аудиологиялық скринингтік кабинет ашылды

қолжетімді болмақ», – дейді «Ана мен бала денсаулығы» бөлімінің меңгерушісі Жадыра Ахметова.

Тақырыпқа орай айта кетейік, елімізде есту диагностикасы екі кезеңде ұйымдастырылған:

– бастапқы деңгей – жаңа туған нәрестелердің есту қабілетін өлшеу перзентханаларда жүргізіледі.
– екінші деңгей – емханаларда 1 жасқа дейінгі және 1–3 жас аралығындағы балаларда есту қабілетінен айырылу және сансыраулық қауіпін факторларын анықтау үшін дәрігерлер анамнез жинай отырып, амбулаториялық тексерулер жүргізеді. Қажет болған жағдайда балалар қалалық аудиология орталығына тереңдетіп тексеруге жіберіледі.

«Осы жоба аясында жақын арада тағы

төрт медициналық мекемені жаңа жабдықтармен жабдықтау жоспарлануда. Олар – №3 перинаталдық орталық, №5 перзентхана, №10 және №36 қалалық емханалар», – деп атап өтті Ж.Ахметова.

Аудиологиялық скринингтік кабинеттердің ашылуы балаларға арналған медициналық қызметтердің қолжетімділігін арттыратыны сөзсіз. Есту проблемаларын уақытылы анықтауды және балалар денсаулығы үшін ауыр зардаптардың алдын алуға мүмкіндік береді. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының деректеріне сүйенсек, 2050 жылға қарай 2,5 млрд-қа жуық адам есту қабілетінен айырылудан зардап шегеді, оның 700 млн.-ы оңалтуды қажет етеді. Алайда, бұл жағдайлардың көбін уақытылы диагностикалау және емдеу арқылы алдын алуға болады деп отыр мамандар.

МАМАН МІНБЕРІ

ДЕМІКПЕ ДЕ АДАМ ӨМІРІН ЖАЛМАЙДЫ

Күнтізбеде Дүниежүзілік бронх демікпесі күні де бар. Ол 11 желтоқсанда аталып өтеді. Бұл күннің басты міндеті – ауруды емдеудің жаңа тәсілдерін насихаттау, пациенттерді дәрі-дәрмектер мен ингаляторларды дұрыс қолдануға үйрету, аурудың алдын алудың маңыздылығына, триггерлермен күресуге және ауа сапасын жақсартуға баса назар аудару.

Бронх демікпесі – тыныс алу жолдарының созылмалы қабыну ауруы. Негізгі белгілері: еңгіту, жөтел (көбінесе түнгі), кеуде қуысының қысылу сезімі, сырылдар немесе ысқырықтар. Демікпенің себептері де әртүрлі: генетикалық бейімділік; аллергиялық реакциялар; ластанған ауа мен токсиндердің әсері; вирустық инфекциялар; стресс және физикалық белсенділік.

«Демікпе балалық шақта да, ересек жаста да болуы мүмкін. Бұл экологиясы нашар немесе аллергиялық әсеріне ұшыраған адамдарда жиі кездеседі. Демікпені емдеу тыныс алу жолдарының қабынуын азайтуға және өршудің алдын алуға бағытталған. Негізгі тәсілдері: ингаляциялық глюкокортикостероидтарды қолдану; симптомдарды тез жеңілдету үшін бронхолитиктерді қолдану; аллергиялар мен триггерлерден аулақ болу; пикфлоуметрлердің көмегімен жағдайды үнемі бақылауға ұстау. Бұл жағдайда салауатты өмір салты маңызды рөл атқарады: дұрыс тамақтану, физикалық белсенділік керек және

темекі шегуден бас тартқан дұрыс», – дейді Алматыда орналасқан Кардиология және ішкі аурулар Ф3И республикалық аллергология орталығының басшысы Арай Батырбаева.

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының мәліметтеріне сүйенсек, әлемде 262 миллионнан астам адам демікпемен өмір сүреді және жыл сайын бұл аурудан 455 мыңға жуық адам көз жұмады. Бұл статистика аймаққа, экономикалық даму деңгейіне және қоршаған орта жағдайына байланысты өзгеріп отырады.

Дүниежүзілік демікпемен күрес күні бұл ауруды, дұрыс қараған жағдайда бақылауда ұстауға болатындығы туралы еске салады. Демікпе толыққанды өмір сүруге кедергі болмауы керек және бұған мемлекеттердің, медициналық ұйымдардың және пациенттердің күш-жігерін біріктіру арқылы қол жеткізуге болады.

Бетті әзірлеген
Нұржамал ӘЛІШЕВА.



ЗАМАНАУИ ТЕХНОЛОГИЯ

ОЗЫҚ ОФТАЛЬМОЛОГИЯ

Алматы пациенттері үшін тағы бір мүмкіндік көзін ашты

Қазақ көз аурулары ҒЗИ-да Қазақстан-Германия глаукомалық орталығы ашылды. Ашылу салтанатына Алматы қаласы әкімдігінің өкілдері, еліміздің жетекші офтальмологтары және Германиядан келген профессор Карл Эрб қатысты.

Глаукома – адамды соқырлыққа әкелетін ауру. Елімізде бұл кеселмен 70 мыңнан астам пациент тіркелген және олардың саны жыл сайын артып келеді.



Тұрсынғұл БОТАБЕКОВА, ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің штаттан тыс бас офтальмологі:

«Қырық жастан кейін көзді тексеруге жасау керек. Егер операция уақытында жасалмаса, көру қабілетінің жоғалуы мүмкін. Лазерлік және басқа көптеген әдіс сияқты жаңа технологияларды енгізу өте маңызды. Германиядан келген әріптестермен бірлесе отырып, біз осы бағыттағы жұмысты күшейтуді қалаймыз».

Әсем НУСПОВА, Алматы қаласы әкімінің орынбасары:

«Алматы қаласы медицинаның дамуына баса көңіл бөледі. Жаңа глаукома орталығының азаматтарымыздың денсаулығын жақсартуға қосатын үлесі зор болатыны сөзсіз. Біз медициналық көмек деңгейін жаңа сатыға көтеру үшін шетелдік әріптестермен оқыту және тәжірибе алмасу бағдарламаларын қолдауды жалғастырамыз».

ақ, алғашқы медициналық-санитарлық көмек дәрігерлері, оның ішінде Алматы мамандары үшін практикалық шеберлік сыныптарын белсенді дамыту басталды.

Естеріңізге сала кетейік, көз аурулары ҒЗИ-дан басқа, шұғыл және жоспарлы офтальмологиялық көмек қатаракта мен глаукомадан бастап ауыр көз жарақаттарына дейінгі аурулардың кең спектрін емдейтін орталық қалалық клиникалық ауруханада көрсетіледі. Аурухана, сонымен қатар, жоғары технологиялық витреоретинальды хирургияны белсенді түрде дамытуда – офтальмологиядағы ең заманауи бағыттардың бірі.

Балалар офтальмологиясы да жаңа серпін алды. Алматының Балалар шұғыл медициналық көмек көрсету орталығында кейінгі кезде көздің торлы қабық пен шыны тәрізді

ауыр патологиясын емдеуге мүмкіндік беретін лазерлік жүйені пайдалана отырып, күрделі витреоретинальды операциялар жүргізілуде.

Офтальмологиялық көмекті дамытуға бағытталған бұл қадамдар мен бастамалар пациенттерге әлемдік стандарттарға сәйкес келетін диагностика мен емдеудің озық әдістеріне қол жеткізуді ұсына отырып, тек Алматыда ғана емес, бүкіл еліміз бойынша медициналық қызмет көрсету деңгейін айтарлықтай арттырады.

Тақырыпқа орай айта кетсек, Көз аурулары ҚазҒЗИ еліміздегі офтальмология саласындағы жетекші ғылыми-клиникалық мекеме болып табылады және көз ауруларын емдеуді дамытуға елеулі үлес қосады. Жұмыс істеп тұрған 90 жыл ішінде институт ірі ғылыми-білім беру орталығына айналды, зерттеулердің кең ауқымын жүргізеді, жаңа технологияларды дамытады және емдеудің озық әдістерін енгізеді. Мұнда жыл сайын жүздеген мың емделуші ем алады.

БӘРЕКЕЛДІ!



«ШҰҒЫЛ КӨМЕК АРДАГЕРІ» медалі иесін тапты

Тәуелсіздік күні Алматы қаласының «Медициналық жедел жәрдем қызметінде» шұғыл медициналық көмек қызметінің қызметкерлерінің басын қосқан, ақ халатты абзал жандарға құрмет көрсетілген салтанатты жиын болды.

Мерекелік салтанатты жиында аталған медициналық мекемеге қарасты 8-ші қосалқы станцияның дәрігері Шынар Бекмұхамбетова ҚР Медициналық жедел жәрдем қауымдастығының «Шұғыл көмек ардагері» медалімен марапатталды.

Шынар Болатқызы 24 жылдан астам уақыттан бері осы салада еңбек етіп жүрген аяулы жан. Жоғары кәсіби шеберлікті талап ететін шұғыл медициналық көмек жүйесін дамытуға қосқан баға жетпес үлесі осылайша бағаланды.

Сонымен қатар, салтанатты жиын аясында бірқатар қызметкер Алматының жедел жәрдем басшылығынан, АМАНАТ партиясынан, сондай-ақ «SENIM» және «AQNIET» кәсіподақтарынан «Алғыс хаттар» мен «Құрмет грамоталарын» алды.

– Жедел жәрдем қызметінде жұмыс істеу жоғары кәсіпқойлықты ғана емес, сонымен қатар үлкен шыдамдылықты, үлкен жүректі, адамгершілікті және кез келген сын-тегеуріндерге дайындықты талап етеді. Сіздердің еңбектеріңіз – қоғамға шынайы қызмет етудің үлгісі, – деп атап өтті «Медициналық жедел жәрдем қызметінің» директоры Арман Тайбеков.

«ШЕКАРАСЫЗ МЕДИЦИНА»

TAVI

отасы жүрегі ауыратын қарт пациенттерге оңтайлы

Алматылық кардиохирургтар «Шекарасыз медицина» жобасы аясында халықаралық шеберлік сабағына қатысты. Швециядағы Каролина университетінің профессоры Наузад Салех қазақ әріптестерімен тәжірибесін бөлісті.

Білікті маман қолқа қақпақшасын имплантациялау операциясын жиырма жылдан бері жасап келеді. Шағын инвазивті операция әдісі TAVI деп аталады. Бұл әдіс жүрек-қан тамырлары аурулары бар науқастарды емдеуде өте тиімді. Әсіресе, ашық хирургиялық операциялар жасауға болмайтын науқастар үшін аса маңызды. Шеберлік сабағы аясында бес операция жасалды. «Ерекше әдіс науқастың өмірін сақтап қана қоймай, адамның өмір сүру сапасын айтарлықтай жақсарттады», – дейді дәрігерлер.

– Бұл операция ұзақ уақыт бойы ауырып жүрген, ауруханаға жиі жататын, бірақ емдеу нәтижесі әрдайым сәтті бола бермейтін науқастар үшін жасалады. Сондықтан бүгінгі күні бұл көмек түрі, әсіресе, 70 жасан асқан қарт пациенттерімізге тиімді, – дейді Алматы қалалық Кардиология орталығының директоры Роза Қуанышбекова.

ТЫҢ ҚАДАМ

АИТВ-НЫҢ ЖОЛЫН КЕСЕМІЗ

«Өмір ырғағында болу – өз қолыңда» атты ақпараттық науқан басталды

Алматыда АИТВ-ның алдын алудың жаңа әдісін – PrEP-ті (ҚДП) қолдайтын «Өмір ырғағында болу – өз қолыңда» атты республикалық ақпараттық науқан басталды. Бұл туралы Қазақ Дерматология және инфекциялық аурулар ғылыми орталығы хабарлады.

PrEP немесе контактіге дейінгі профилактика – оны үнемі қолданған жағдайда АИТВ-ның берілуін болдырмаудың тиімді әдісі. Контактке дейінгі профилактиканы таңдау – инфекция қаупі бар кез келген адам пайдалана алатын құқық.

PrEP мәні – Тенофовир/эмтрицитабин препаратын күнделікті қабылдау, ол тегін беріледі. Әлемдік зерттеулер көрсеткендей, PrEP пре-

параттары АИТВ жұқтыру қаупін 99%-ға төмендетеді.

«Өздеріңіз білетіндей, АИТВ ұғымы негізінен есірткі қолданатын адамдармен, ермен жыныстық қатынасқа түсетін ерлермен, транс адамдармен, дискордантты жұптармен (серіктестің бірінде АИТВ бар) қатысты. Препараттарды АИТВ-ның алдын алу жөніндегі өңірлік орталықтардан, үкіметтік емес қоғамдық ұйымдардан тегін және құпия түрде алуға болады. Мигранттар дәріханалардан АИТВ-инфекциясының алдын алу орталықтары немесе жеке медициналық орталықтар дәрігерлерінің рецептісі бойынша сатып ала алады», – дейді ҚДИАҒО директорының міндетін атқарушы Ұлықбек Медеубеков.

Науқан 18 жасан асқан адамдарға және PrEP қолдану тәжірибесіндегі стигманы азайтуға бағытталған.

Бетті әзірлеген
Нұржамал ӘЛШЕБА



Алматының спорт әлемі:

СӘТТІ СЕРПІЛІСТЕР

Әр төрт жыл сайын өтетін Олимпиадаға
әрдайым алматылықтар жол бастап барады

Жиырмасыншы
ғасырдағы жетістіктер

1956 жылғы ең алғашқы олимпиадасы алматылық Евгений Кадьякин еді. 2022 жылы бақилық болған спортшы жеңіл атлетиканың өкілі, орта қашықтыққа жүгіруде Орталық Азияның бірнеше дүркін чемпионы, Республика рекордшысы, Кеңес Одағы чемпионаттарының жүлдегері еді. Австралияның Мельбурн қаласында өткен ойында ол жеңіс тұғырына көтеріле алмаса да, қазақстандықтар үшін Олимпиада ойындарына жол ашып берген еді. Содан кейін 1960 жылы Римде (Италия) өткен келесі старттарда КСРО құрамасының эстафеталық командасының құрамында тағы бір жеңіл атлет Ғұсман Қосанов 4x100 метр қашықтықта күміс жүлдеге ие болады. Бұл – біздің республика өкілінің алғашқы олимпиадалық медалі еді. Молдованың атынан өнер көрсеткен Ғұсман Кишинев қаласындағы дене шынықтыру техникумында білім алды. Алайда, біз оны алматылық деп сенімді түрде айта аламыз. Өйткені, ол оқудан кейін Алматыға оралды. Қайтыс болғанға дейін (1990) Алматыда тұрып, жұмыс істеді.

Тағы төрт жылдан кейін Токиода (Жапония) алматылық спортшылар екі алтын, бір қола мен бір күміс жүлдеге ие болады. Бессайысшы Виктор Минеев (қазіргі

Алматы – еліміздің мәдениет-өнер ошағы ғана емес, спорт орталығына да айналғалы қашан! Бұған дәлел – әр төрт жыл сайын өтетін Олимпиадаға әрдайым алматылық спортшылар жол бастап барады. Кеңес заманында бастау алған бұл үрдіс Тәуелсіздік жылдарында да жалғасын тауып отыр. «Өткенсіз болашақ жоқ» демекші, өткенге зер салып, алматылық спортшылардың тарихи жетістіктерін зерделеп көрелік.

Көк Туды желбіреткен
жеңістер

Жеңістің дәстүрін Алматы спортшылары егемендік алғаннан кейін де жалғастырды. Айта кетейік, алғашқы Олимпиада медалін алматылық грек-рим стиліндегі балуан Юрий Мельниченко алып келді. Жарыс 1996 жылы Американың Атланта қаласында өткен еді. Содан бері отыз жылдан астам уақыт өтті. Бірақ бұл күн спорт әуесқойларының есінен шығар емес. Кейіннен «New York Times» газетінде американдық журналист Ричард Сэндомир 1996 жылы 22 шілдеде «жарық жылдамдығымен лақтыру бойынша Америка-ны шаң қаптырған» атты мақала жазады.

«Әлбетте кезінде дәл осы спортшыдан ұтылып қалғаны Мельниченконың есінде. Бірақ Америка Құрама Штатының «алтын үміті» Дэннис Холл бұл жолы біздің спортшының еккі шабуылынан құтыла алмады. Жекпе-жек нәтижесі бойынша Мельниченко алтынға қол жеткізіп, ал Холл күміспен қанағаттануына мәжбүр болды».

Бұл Олимпиададағы алматылық Александр Парыгиннің (қазіргі бессайыс) жеңісін айтпай өтуге болмас. Мерген Сергей Беляев үйіне екі күміс жүлдемен оралса, оның әріптесі әрі досы Владимир Вохмянин үшінші жүлдегер атанды. Тағы бір қола республикалық интернаттың тәрбиеленушісі боксшы Ермахан Ибраимовтың есебінде



бессайыс) пен грек-рим стилінің балуаны Анатолий Колесов құрмет тұғырының биік сатысына көтеріледі. Ал үшіншісі, гимнастар жарысында Юрий Цепенконы ерекше атап өткен жөн. Ол командалық жарыстарда екінші орынға табан тіреді.

Уақыт өте келе Алматыда жекпе-жекпен қатар ойын спорт түрлеріне де көңіл бөліне бастады. Өткен ғасырдың 60-жылдарының соңына қарай командалық жарыстар бойынша да алғашқы жетістіктерге қол жеткізе бастадық. Мәселен: волейбол, су добы, хоккей және тағы басқалар. Спорттың бұл түрін алматылықтар төртжылдықтың келесі негізгі старттарында ұсынуы кездейсоқтық емес. Бұл ретте Мехикодағы Олимпиада ойындарын (1968) еске түсіргеніміз жөн болар. «Буревестник» волейболшылары Валерий Кравченко, Олег Антропов, Нина Смолеева Латын Америкасынан чемпион боп оралды. Ал классикалық балуан Владимир Бакулин күміс жүлденің иегері атанды.

Қайғылы оқиғаның орын алуына қарамастан 1972 жылғы Мюнхен Олимпиадасы да біздің спортшылар үшін сәтті аяқталған еді. Сол жылы палестиналық «кара күрүйек» тобы израилдік спортшыларға шабуыл жасағаны естеріңізде болар. 11 адам қаза тапты. Бірақ соған қарамастан қазақстандық спортшылар төзімділік, ерік-жігер мен асқан шеберлік көрсете білді. Республика атынан барып, жүлдеге ие болған тоғыз марапаттың жетеуі алматылықтарға тиесілі еді. Алтын жүлдені грек-рим стилінің балуаны Валерий Резанцев, сондай-ақ волейболшы Нина Смолеева (екінші рет) жеңіп алды. Айтпақшы, Резанцев Монреальда өткен Олимпиадада өзінің шеберлігін тағы да растап берген еді.

Мюнхеннің күміс жүлдегерлері: Виктор Абоимов (жүзу), Валентин Солдатенко (спорттық серуендеу Александр Назаренко (грек-рим күресі), Вадим Кравченко (волейбол) мен Игорь Валетов (семсерлесу) Германиядан қоламен оралды.

Алматылықтардың Монреальдағы жетістігі де жаман емес. Валерий Резанцевтен бөлек грек-рим күресінде алтын жүлдені Анатолий Быков қанжығасына байлады. Айтпақшы, ол тәуелсіздік жылдарында Канадаға кетіп, Монреальда тұрақтайды да, сол жерде чемпион атанады. Алматының «университетінен» түлеп ұшқан Надежда Ольхова да баскетболдан жеңімпаз атанды. Біздің спортшылардың есебінде тағы екі күміс жүлде бар. Оны Александр Иванов (еркін күрес) пен Нина Смолеева (волейбол) иеленді.

Мәскеу (1980 ж.) мен Сеулден (1988 ж.) кейінгі ойындар Алматы үшін ғана емес, Қазақстан тарихындағы ең табысты ойындар деп есептеледі. Естеріңізге сала кетейік, Лос-Анджелестегі ойындарда (АҚШ, 1984) кеңес командасы өнер көрсеткен жоқ. Мәскеуде өткен жарыста бірден үш алматылық құрмет тұғырының ең биік сатысына көтерілді. Бұл Шәмил Серіков (грек-рим күресі), Надежда Ольхова (баскетбол) мен Сергей Котенко (су полюсы). Ал Виктор Демьяненко (бокс), Анатолий Быков (грек-рим күресі) өз сапында екінші болды. Татьяна Лесовая (жеңіл атлетика), Минеула Азизов, Александр Гончаров, Фарид Зигангиров, Александр Мягчиков, Сос Айрапетян мен Михаил Ничипуренко (барлығы көгалдағы хоккей) қола жүлдеге ие болды.

Спорт әлеміндегі нағыз серпіліс 1988 жылғы Сеул олимпиадасы деп айтуға

болады. Алматылықтар бұл стартта үлкен дүрбелең тудырды. Спортшыларымыз барлығы 7 алтын, 3 күміс пен 6 қолаға ие болған еді. Бұл ретте гимнаст Валерий Люкинді ерекше атап өткенді жөн көріп отырмын. Ол екі жаттығуда да бірінші болып, жоғары дәрежелі сыйлыққа ие болды.

Бірінші орынға Елена Чебукина мен Ольга Кривошеева (волейбол), Владимир Новиков (спорттық гимнастика), Валерий Тихоненко (баскетбол), Виталий Савин (жеңіл атлетика) табан тіреді. Содан кейін күміс пен қола медальды жеңіп алғандардың қатарында Дәулет Тұрлыханов (грек-рим күресі) – Тимирязев–Байзақов көшелерінің қиылысында орналасқан республикалық интернаттың тәрбиеленушісі, Григорий Егоров (жеңіл атлетика), динамовшылар Сергей Котенко мен Нұрлан Меңдіғалиев (су полюсы), Константин Петров (жүзу) бар.

КСРО құрамындағы соңғы ойындар 1992 жылы Барселонада (Испания) өткен Олимпиада болды. Содан кейін Одақ ыдырап кетті. Бұрынғы КСРО спортшылары ТМД Біріккен командасының туын ұстап өнер көрсетті. Чемпион Ирина Герлиц (баскетбол) үйіне оралды. Алматылықтар әйелдер арасындағы волейболда да ерекшеленді. Елена Чебукина мен Татьяна Меньшова екінші болды. Атқыш Владимир Вохмянин мен балуан Дәулет Тұрлыханов құрмет тұғырының үшінші сатысына көтерілді.

болды. Австралияның Сидней (2000 жыл) қаласында өткен жарыс тәуелсіз Қазақстан спортшыларының беріктігін тағы бір тексергендей болды. Ермахан Ибраимов енді чемпиондық тәжге жетті. Бірінші орынды Ольга Шишигина (жеңіл атлетика) жеңіп алды.

Афиныда (2004) өткен Олимпиада біз ойлағандай болмады. Мұнда алматылықтар тек екі медаль ғана жеңіп алды. Джордж Цурцумия (грек-рим күресі) мен Геннадий Лалиев (еркін күрес) күміс қана алды. Десе де, төрт жылдан кейін Бейжіңде жағдай түзелді. Боксшы Бақыт Сәрсекбаев чемпион атанса, дзюдошы Асхат Жіткеев күмісті, ал Балуан Әсет Мәмбетов қоланы жеңіп алды. Ал Лондондағы Олимпиадада ҚР құрамында өнер көрсеткен алматылық бір-ақ медаль алған еді. Әйелдер күресінде үшінші орынды Гузель Манжурова иеленді. Бірақ төрт жылдан кейін Рио-де-Жанейрода ол құрмет тұғырының екінші сатысына көтерілді. Бразилия астанасындағы басты жеңіс жүзуші Дмитрий Баландинге тиесілі болды. Ол 200 метр қашықтыққа брасс арқылы бірінші болып жүзіп, елімізге алтын сыйлық әкелді. Ол қазірге дейін біздің қаламыздың атынан барған төртжылдықтың басты бастауларының соңғы чемпионы.

Биылғы жылы Париж Олимпиадасында алматылықтар гимнастикадан бір күміс жүлдеге ие болды. Ол Нариман Құрбановтың қанжығасына байланды. Сондай-ақ, жұптық атудан қола жүлдеге қол жеткізгенімізді мақтан тұтқанымыз абзал. Оның авторы Ислам Сәтбаев пен Александра Ле.

Тасжүрек АНДАСОВ.



САРАПТАМА

Үкімет Жасанды интеллектіні дамытудың 2024–2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын қабылдады. 2030 жылға қарай жасанды интеллект әлемдік ЖІӨ-нің 7 пайызын қамтамасыз етпек. Зерттеулер нәтижесі бойынша 2027 жылға қарай жаһандық жасанды интеллект нарығының капитализациясы 400 миллиард доллардан асады. Биылғы оқу жылынан бастап, Алматы мектептерінде пилоттық режимде жасанды интеллектіге негізделген, TopIQ.kz, бағдарламасы негізінде «виртуалды педагогтар» жұмыс жасауда. Қазақстанда Tomorrow School және Tumo Education мектептерінде жыл сайын мыңнан астам оқушылар бағдарламалау машықтарын, роботты техниканы және басқа да креативті технологияларды меңгеруге мүмкіндік алып отыр.

Еліміз бәсеке көшіне
ілесе алды ма?

Дүниежүзілік банк дерегінше, 2024 жылы жаһандық ішкі өнімнің 15%-ы технология саласына тиесілі. Технологиялық серпіліс тек ел ішінде емес, сонымен қатар халықаралық сипатта жаңа индустриялық салаларда қалыптасып, экономикалық белсенді бағдарға айналады. Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы дерегіне сәйкес, 2023 жылы әлем елдерінің 90%-ы цифрлық технологияларды мемлекет тарапынан қолдау, олардың экономикалық сектор ретінде қалыптасуына жағдай жасау бойынша мемлекеттік стратегияларын жариялаған.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 2023 жылы 1 қыркүйекте ел халқына арнаған Жолдауында Үкімет жасанды интеллектіні дамыту ісіне баса назар аударуға тиіс деп, ерекше қадап айтты. Әлемде алдағы бірнеше жылда осы салаға бір триллион доллардан астам инвестиция салынады деген болжам бар деп атап өтіп, үкімет алдына нақты тапсырмалар берген болатын. Бүгінде жасанды интеллектіге негізделген инновациялық технологиялардың маңызы қоғам үшін жаңалық емес, маңыздысы – ел Үкіметі қаншалықты жүйелі сипатта технологиялық жайлы экожүйе қалыптастыра алды? Мақаламызда биылғы жылы еліміздің технологиялық даму саласында жеткен жетістіктері мен мүмкіндіктерін талдап көрелік.

• Елімізде жасанды интеллект бағдарын, заманауи технологияларды біріздендіруге бағытталған Alem.ai халықаралық орталығы жұмысын бастайды.

• Президент тапсырмасы аясында, Үкімет жасанды интеллект бағытында маман даярлауға арналған AI-Sana бағдарламасын кезең-кезеңмен жүзеге асыруда.

Alem.ai отандық жасанды интеллект орталығы іске қосылады

Елімізде соңғы он жыл бойына цифрлық технологияларды тиімді интеграциялау, жаңашыл идеяларға қолдау көрсету бойынша нақты жобалар жүйелі негізде қолға алынған. 2018 жылы бастау алған Цифрлы Қазақстан бағдарламасының тиімділігі мен маңызын ескермей өте алмаймыз. Бұған соңғы екі жыл бойына әлем жұртшылығын серпілткен, адамзат өміріне маңызды өзгерістер алып келген жасанды интеллект саласын тиімді меңгеруде «Цифрлы Қазақстан» бағдарламасы алғышарт бола алды.

Президент тапсырмасы негізінде тұжырымдамасы айқындалып, толыққанды қызметке кірігуге дайын жобалардың бірі – Alem.ai жасанды интеллект орталығы. Орталық аясында азаматтар бағдарламалау машықтарын, роботты техниканы және басқа да креативті технологияларды үйреніп қана қоймай, шетелдік компаниялар өкілдіктерімен бірлесе маңызды жобаларды жүзеге асырады. Қысқартып айтсақ, жасанды



(Дереккөз: www.dalanews.kz)

ЗАМАНАУИ ТЕХНОЛОГИЯЛАР

қоғам игілігіне қаншалықты тиімді?

интеллект саласындағы стартап жобалар үшін бірегей экожүйе болмақ. Аталмыш орталық жасанды интеллект қозғалысының темірқазығына және Қазақстанның цифрлық трансформациясының символына айналады деп сенеміз. Себебі, аталмыш алаң еліміздегі ең мықты мамандар мен әлемнің түкпір-түкпірінен таланттардың басын қосатын орталыққа айналады.

**Алматыда ЖИ-ға
негізделген бейнекамералар
қоғам тыныштығын күзетуде**

Бүгінде қаламызда бейнебақылау камераларының деректеріне нақты уақыт режимінде жасанды интеллект технологиялары талдау жасап, күдікке ілінген қимылдарды дер кезінде деректерді талдау орталықтарына жіберіп отырады. Алматы қаласында алғаш қолданысқа еніп, республикамыздың өзге де өңірлерінде кеңінен қолданысқа еніп жатқан технологиялардың артықшылығы кешенді қауіпсіздік жүйесін қалыптастыра алуында.

Бірыңғай бейнемониторинг жүйесі жобасы 2022 жылы іске қосылып, қазіргі таңда бұл жүйе 45 мың қала камерасын біріктіріп отыр. Келесі жылдың соңына дейін камералар саны 70 мыңға жетеді деп жоспарлануда. Жасанды интеллекті арқылы басқарылатын жүйе құқық қорғау органдарының 13 мыңнан астам іздеудегі тұлғалар туралы деректер базасымен интеграцияланғаны нәтижесінде өткен жылы ауыр қылмыс жасаған және іздеуде жүрген ондаған адам анықталып, ұсталған.

Алматы қаласы тәжірибесінде жасанды интеллект негіздерін қоғамдық тәртіпті қамтамасыз ету саласында қолданудың бірнеше артықшылықтары қазірдің өзінде белгілі болып отыр. Мысалы, жасанды интеллект алгоритмдері адамдардың жаппай жиналуын анықтау және мінез-құлқын талдауда, күдікті заттарды анықтауда, автокөліктерді бейне немесе фотосурет арқылы іздеп, жол қозғалысы ережелерін бақылау саласында жоғары тиімділік көрсетіп отыр.

**Шикізат көзі –
деректер базасы**

XXI ғасырдың капиталы – ақпарат, ауқымды деректер базасы. Жасанды интеллектінің қазақ тілінде ойлану, сауатты деңгейде ақпараттарды талдай алуы оның қажетті деректермен толығып отыруына тікелей

байланысты. Былтырғы жылы әлемнің назары ауған OpenAI компаниясының өнімі chatgpt чат-ботының қазақ тіліне шорқақ болғанын, кейбір тапсырмаларды бұрыс орындайтыны туралы көптеп айтылып еді. Негізгі себебі, аталмыш чат-боттың әлсіздігі емес, керісінше ауқымды деректер базасында қазақ тілді деректердің жеткіліксіздігі болған. Ендігі жағдайда жасанды жадының қазақ тілінде еркін көсілуін көруімізге мүмкіндік бар.

Биыл елімізде қазақ, ағылшын, орыс және түрік тілдерінде 148 миллиард токен негізінде үйретілген KazLLM үлкен тілдік моделі әзірленді. Бұл модель Назарбаев Университетінің Ақылды жүйелер және жасанды интеллект институты және ҚР ЦДИАӨМ және ҚР ҒЖБМ қолдауымен жасалған. KazLLM – бұл қазақ тілінде мәтіндерді өңдеу, талдау және жасау үшін әзірленген заманауи жасанды интеллект тілдік моделі. Бұл қазақ тілінің цифрлық кеңістікте қолданылуын кеңейтуге, бизнеске, ғылымға және қоғамға қолдау көрсетуге бағытталып отыр. Аталмыш модель болашақта TurkLLM моделі аясында тұтас түркі дүниесіне ортақ ауқымды деректер базасының негізін қалыптастыратын болады.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Astana Hub инновациялық экожүйесінде отандық стартап жобалармен танысу барысында елімізде жасанды интеллектінің қолдану аясын құқықтық негізде реттеу мәселелеріне тоқталды. Биылғы жыл еліміз үшін заманауи технологияларды тиімді қоғам қолданысына кіріктіруге алғышарт қалыптастыру бойынша тиімді болды.

Ортақ тұжырымдама қалыптасып, қажетті инфрақұрылымның негізі қаланды. Ендігі маңызды меже әлем тәжірибесі көрсеткендей, елімізде «Жасанды интеллект туралы» заң жобасын әзірлеу. Себебі, жасанды интеллект көмегімен түрлі жалған ақпараттар қалыптасып, қоғамдық пікірдің алуан сипатқа өзгеруіне себеп болып отыр. Сондықтан еліміз үшін маңызды қадамдардың бірі – жасанды интеллектінің қолдану принциптері мен этика аспектілерін заң жүзінде бекіту болып отыр.

Нұрболат НЫШАНБАЕВ,
сарапшы,
«Тұран» университеті.



ҚАЛА ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚ

БИЗНЕСТІ ЗАҢСЫЗ ТЕКСЕРУЛЕРДЕН ҚОРҒАУ

Бизнесті заңсыз тексерулерден қорғау және кәсіпкерлердің конституциялық құқықтарын қорғау прокуратура органдарының басым тапсырмаларының бірі болып табылады. Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің қабылдануымен кәсіпкерлік іс-шаралар бойынша бақылауды жүргізу нысаны өзгерді.

Қазіргі жағдайда мемлекеттік органдардың негізгі міндеті – бизнесті дамыту үшін қолайлы жағдай жасау болып табылады. Осыған байланысты мемлекеттік органдардың, оның ішінде прокуратураның жұмысы бизнес үшін келесіз салдарлар туындатпау мақсатында мемлекеттік органдардың заңсыз әрекеттерінің жолын алдын ала кесуге бағытталған. Осы мақсаттар үшін келесі бағыттар бойынша кәсіпкерлерді қорғаудың және бизнесті дамытудың тиімді бағыттары әзірленді:

- бақылау және қадағалау органдарының бизнеске қысымын төмендету;
- қылмыстық, азаматтық және әкімшілік сот ісін жүргізуде кәсіпкерлердің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау;
- бизнесті дамытудағы әкімшілік кедергілерді жою.

Қазақстан Республикасы «Прокуратура туралы» Конституциялық заңының 4-бабына сәйкес (бұдан әрі – Конституциялық заң), прокуратура адамды, оның өмірін, құқықтары мен бостандықтарын мемлекеттің ең жоғары құндылықтары ретінде қорғау, Қазақстан Республикасының аумағында заңдылықты қамтамасыз ету мақсатында мынадай міндеттерді:

- 1) адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын, заңды тұлғалардың, қоғам мен мемлекеттің заңмен қорғалатын мүдделерін қорғауды және бұзылған құқықтары мен бостандықтарын қалпына келтіруді;
- 2) заңдылықтың бұзылуын, оларға ықпал ететін себептер мен жағдайларды, сондай-ақ олардың салдарларын анықтауды және жоюды;
- 3) құқық қорғау және өзге де мемлекеттік органдардың заңдылықты, құқықтық тәртіпті және

қылмысқа қарсы күресті қамтамасыз ету жөніндегі қызметін үйлестіруді;

4) Қазақстан Республикасының заңдарында және Қазақстан Республикасы Президентінің актілерінде айқындалатын өзге де міндеттерді жүзеге асырады.

Қазақстан Республикасы «Мемлекеттік құқықтық статистика және арнайы есепке алу туралы» Заңының (бұдан әрі – Заң) 6-бабы 6,12-1 тармақтарына сәйкес, Мемлекеттік құқықтық статистиканы қалыптастыру және арнайы есепке алуды жүргізу саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру мақсатында уәкілетті орган: Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген мемлекеттік бақылау, сондай-ақ қадағалау нысандарын тіркеуді жүзеге асырады және (немесе) есепке алуды жүргізеді және Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген мемлекеттік бақылау, сондай-ақ қадағалау нысандарын тіркеуді және есепке алуды үйлестіреді.

Сонымен қатар, прокуратура органдарына бизнесті заңсыз тексерулерден қорғау бойынша күзреттер берілген.

Тексерудің қандай түрлері болады?

Бүгінгі күнде, Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің (одан әрі – ҚР ҚК) 137-бабы 1, 2, 3-тармақтарына сәйкес, бақылау мен қадағалау субъектілерінің (объектілерінің) қызметін бақылау:

- ұйымдастыру және жүргізу тәртібі осы Кодексте және Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында айқындалатын, алдын алу-профилактикалық сипаттағы профилактикалық бақылау;
- ұйымдастыру және жүргізу тәртібі осы Кодексте, ал осы Кодексте көзделген жағдайларда

– Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында айқындалатын тексерулер;

- тергеп-тексеру нысанында жүзеге асырылады.

Профилактикалық бақылау мынадай түрлерге бөлінеді:

- бақылау мен қадағалау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау;
- бақылау мен қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау;
- бақылау мақсатында сатып алу.

Тексерулер мынадай түрлерге бөлінеді:

- «Рұқсаттар және хабарламалар туралы»

Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес, берілген рұқсаттар бойынша біліктілік немесе рұқсат беру талаптарына, жіберілген хабарламалар бойынша талаптарға сәйкестігіне жүргізілетін тексерулер (бұдан әрі – талаптарға сәйкестігін тексеру);

- жоспардан тыс тексерулер болып табылады. Алматы қаласы бойынша 2024 жылдың өткен кезеңінде 13875 тексеру және 1191 профилактикалық бақылау тіркелсе, оның 9885-і тексеру және 626-сы профилактикалық бақылау жеке кәсіпкерлік субъектісіне қатысты болды. Оның ішінде жалпы жеке кәсіпкерлік субъектісіне қатысты 8759 жоспардан тыс тексеру және талаптарға сәйкестігіне жүргізілетін тексерулер бойынша 356 тексеру болды. Белгіленген тексерудің ішінде ірі кәсіпкерлікке – 881, орта кәсіпкерлікке – 1308, шағын кәсіпкерлікке – 7696, оның ішінде микро кәсіпкерлікке – 5070 тексерулер жүргізілген.

Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі Комитетінің Алматы қаласы бойынша департаментімен (бұдан әрі – Департамент) тексерулерді тіркеу кезінде 179 тексеру бойынша бас тарту құқығы қолданылып, жеке және заңды тұлғалардың құқықтары қорғалды, оның ішінде 157 тексеру жеке кәсіпкерлік субъектісіне қатысты қолданылды.

Сонымен қатар, Департаментпен бақылау және қадағалау органдарымен тексеру субъектілеріне қатысты жүргізілген 171, оның ішінде бизнеске қатысты 81 заңсыз тексерудің жолын кесті.

Әрбір кәсіпкер тексеру бойынша не білуі қажет?

Бақылау мен қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау және (немесе) тексеру үшін объектіге келген бақылау және қадағалау органының лауазымды адамдары бақылау мен қадағалау субъектісіне:

- егер осы Кодексте өзгеше көзделмесе, құқықтық статистика және арнаулы есепке алу саласындағы уәкілетті органда тіркелгені туралы белгі қойылған бақылау мен қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылауды және (немесе) тексеруді тағайындау туралы актіні;
- қызметтік куәлігін не сәйкестендіру картасын;
- қажет болған кезде – құзыретті органның режимдік объектілерге баруға арналған рұқсатын;
- денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган айқындаған тәртіппен берілген, объектілерге бару үшін қажет болатын медициналық рұқсаттаманы көрсетуге міндетті.

Бақылау мен қадағалау субъектісіне (заңды тұлғаның басшысына не оның уәкілетті адамына, жеке тұлғаға) бақылау мен қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылауды және (немесе) тексеруді тағайындау туралы актіні табыс ету, сондай-ақ бақылау мен қадағалау субъектісін бақылау мен қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылауға және (немесе) тексеруге жататын талаптардың тармақтарын көрсете отырып, тексеру парағымен (ол болған кезде) таныстыру күні бақылау мен қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау және (немесе) тексеру жүргізудің басталуы деп есептеледі.

Тексеру тағайындау туралы актіде көрсетілмеген, сондай-ақ тексеруге тиісті өкілеттіліктері жоқ адамдар тексеру жүргізуге құқықтары жоқ.

А.Б.МУСАБЕКОВ,
ҚР БП Комитетінің Алматы қаласы бойынша департаменті бөлімінің аға прокуроры.

Алматы қаласы әкімдігінің
2024 жылғы 13 желтоқсандағы
№4/530-2686 қаулысына қосымша

МӘЖБҮРЛЕП ИЕЛІКТЕН ШЫҒАРЫЛУҒА ЖАТАТЫН ЖЕР УЧАСКЕЛЕРІНІҢ ТІЗБЕСІ

Р/с №	Жер учаскесінің меншік несінің (жер пайдаланушының) тегі, аты-жөні (атауы)	Кадастрлық нөмірі	Жер учаскесінің орналасқан жері	Жер учаскесінің ауданы, га
1.	«Asam Holding» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	20-322-003-677	«Қалқаман» шағынауданы, 4 В учаске	1,3952
2.	«Asam Holding» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	20-322-003-678	«Қалқаман» шағынауданы, 4/9 учаске	0,0197
3.	«Asam Holding» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	20-322-003-679	«Қалқаман» шағынауданы, 4/10 учаске	0,0042

Алматы қаласы әкімдігінің
2024 жылғы 13 желтоқсандағы
№4/530-2687 қаулысына қосымша

МӘЖБҮРЛЕП ИЕЛІКТЕН ШЫҒАРЫЛУҒА ЖАТАТЫН ЖЕР УЧАСКЕЛЕРІНІҢ ТІЗБЕСІ

Р/с №	Жер учаскесінің меншік несінің (жер пайдаланушының) тегі, аты-жөні (атауы)	Кадастрлық нөмірі	Жер учаскесінің орналасқан жері	Жер учаскесінің ауданы, га
1.	Ахмедов Руфат Кенжебекович	20-315-062-326	Құлжа тас жолы, 56/8	жалпы -2,7351 алынатын бөлігі – 0,0077
2.	«Луч Востока» өндірістік кооперативі	20-315-062-327	Құлжа тас жолы, 56/12 учаске	жалпы - 2,0330 алынатын бөлігі – 1,0492
3.	«Луч Востока» өндірістік кооперативі	20-315-062-328	Құлжа тас жолы, 56/10 учаске	жалпы - 0,7119 алынатын бөлігі – 0,3630

ХАБАРЛАНДЫРУ

«АЛМАТЫ ТАЗАЛЫҚ» МКК КАДРЛАРДЫ ЖҰМЫСҚА ҚАБЫЛДАУ ТУРАЛЫ ХАБАРЛАЙДЫ

Қаланы таза ұстау – баршамыздың ортақ ісіміз!
«Алматы тазалық» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны келесі бос жұмыс орындарына қызметкерлерді қабылдау жариялайды:

1. Жүргізуші, механизатор

Талаптар:
Қазақстан Республикасының азаматтығы;
Қажетті санаттағы жүргізуші куәлігінің болуы;
Мамандығы бойынша 5 жылдан кем емес еңбек өтілі;
Алматы қаласында тіркеуде болу міндетті емес.

2. Жол жұмысшысы

Талаптар:
Қазақстан Республикасының азаматтығы;
Жасы 18-ден жоғары.

«Алматы тазалық» – Алматы қаласының тазалығы мен тәртібін қамтамасыз етумен айналысатын ұйым. Көшелерді жинау, қоқыс шығару және аумақты көріктендіру жұмыстарын жүзеге асырады. Коммуналдық қызметтің мақсаты – Алматы қаласының тұрғындары мен қонақтарына қолайлы әрі таза орта жасау.

Өтінімдер келесі телефон арқылы қабылданады: +7 708 768 40 01 немесе электрондық пошта: almaty_tazalyk@bk.ru

КӨҢІЛ АЙТУ

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі, Медициналық және фармацевтикалық бақылау комитеті, Дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды сарантау ұлттық орталығы осы ұйымдағы Аударма және тілдерді дамыту басқармасының негізін қалаушы және медицинаны қазақшаландыру қозғалысының қобашысы, ұлттық дәрілік саясат, журналистика және әдебиет тарихы салаларында ұзақ жылдар жемісті еңбек еткен Қазақстан Денсаулық сақтау ісінің үздігі

Ұланы Сағынайқызы ТІЛЕГЕННІҢ ауыр науқастан қайтыс болуына орай, марқұмның отбасына, балалары мен тума-туыстарына қатты қайғырып, көңіл айтады.

ҚАУЛЫ

Алматы қаласы әкімдігінің
2024 жылғы 13 желтоқсандағы
№4/530-2686 қаулысы

Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлен иеліктен шығарудың басталуы туралы

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 84-бабына, Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңына сәйкес, «Алматы қаласы Наурызбай ауданы әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің 2024 жылғы 1 шілдегі №01.4.456-Б хаты негізінде, Алматы қаласының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. №1 қалалық клиникалық аурухананың аумағын кеңейту үшін (минералды су ұңғымалары) Алматы қаласы, Наурызбай ауданында орналасқан жер учаскелерін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті осы қаулының қосымшасына сәйкес мәжбүрлеп иеліктен шығару басталсын.
2. Мәжбүрлеп иеліктен шығару мерзімі 2026 жылдың 31 желтоқсанына дейін белгіленсін.
3. Меншік иесі жүргінетін орын Алматы қаласы, Бостандық ауданы, Абай даңғылы, 90, 801-кеңсе болып белгіленсін.
4. Алматы қаласы әкімінің аппараты осы қаулыны қабылданған күнінен бастап үш жұмыс күні ішінде Алматы қаласы әкімдігінің интернет-ресурсын қоса алғанда, жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды қамтамасыз етсін.
5. «Алматы қаласы Жер қатынастары басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі:
 - 1) заңнамамен белгіленген тәртіпте меншік иесін хабардар етсін және жер учаскелерінің меншік иесіне өтемақы төлеуді қамтамасыз етсін;
 - 2) жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мемлекет мұқтажы үшін мәжбүрлеп иеліктен шығару бойынша іс-шараларды аяқтағаннан кейін жер учаскелерін «Алматы қаласы Наурызбай ауданы әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің төңіріміне берсін;
 - 3) Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған өзге де қажетті шараларды қабылдасын.
 6. Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

Алматы қаласының әкімі Е.ДОСАЕВ

Алматы қаласы әкімдігінің
2024 жылғы 13 желтоқсандағы
№4/530-2687 қаулысы

Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 84-бабына, Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңына сәйкес, «Алматы қаласы Медеу ауданы әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің 2023 жылғы 8 қарашадағы №26.1-26.06/1510-И хаты негізінде, Алматы қаласының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Автомобиль жол құрылысы үшін, Алматы қаласының Медеу ауданындағы орналасқан жер учаскелерін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті осы қаулының қосымшасына сәйкес мәжбүрлеп иеліктен шығару басталсын.
2. Мәжбүрлеп иеліктен шығару мерзімі 2025 жылдың 31 желтоқсанына дейін белгіленсін.
3. Меншік иелері жүргінетін орын Алматы қаласы, Бостандық ауданы, Абай даңғылы, 90, 801-кеңсе болып белгіленсін.
4. Алматы қаласы әкімінің аппараты осы қаулыны қабылданған күнінен бастап үш жұмыс күні ішінде Алматы қаласы әкімдігінің интернет-ресурсын қоса алғанда, жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды қамтамасыз етсін.
5. «Алматы қаласы Жер қатынастары басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі:
 - 1) заңнамамен белгіленген тәртіпте меншік иелерін хабардар етсін және жер учаскелерінің меншік иелеріне өтемақы төлеуді қамтамасыз етсін;
 - 2) жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мемлекет мұқтажы үшін мәжбүрлеп иеліктен шығару бойынша іс-шараларды аяқтағаннан кейін жер учаскелерін «Алматы қаласы Медеу ауданы әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің төңіріміне берсін;
 - 3) Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған өзге де қажетті шараларды қабылдасын.
 6. Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

Алматы қаласының әкімі Е.ДОСАЕВ

ЖАРНАМА

«Lemon Land Lombard» ЖШС 2025 жылғы 10 ақпан, сағат 09.00-де Алматы қаласы, Төле би көшесі, 251 А, 1-көнесе, өтелмеген кепіл мүлкінің сатылуы өтеді: пайдаланылған алтын бұйымдар (сырғалар, сақиналар, білезіктер, шынжырлар, мойыншұмарлар, алқалар).
Лоттар саны – 373 дана. Төлем тәртібі мен мерзімі, сондай-ақ төлем реквизиттері: сатып алу-сату шартының талаптарына сәйкес. Өтінімдерді «Lemon Land Lombard» ЖШС мекенжайы бойынша жіберу керек: Алматы к., Төле би к-сі, 251 А, 1-офис немесе land@lmm.kz электрондық поштасы бойынша 2024 жылдың 15 қаңтар, сағат 18.00-ге дейін.
Сауда-саттықты өткізу әдісі – Голландтық, Бағаны өзгерту қадамы – 2%.
Сатылым туралы қосымша ақпаратты +7 707 100 90 10 телефоны бойынша алуға болады.

«Lemon LOMBARD» ЖШС 2025 жылғы 10 ақпан, сағат 09.00-де Алматы қаласы, Өуезов көшесі, 181, 17 п., өтелмеген кепіл мүлкінің сатылуы өтеді: пайдаланылған алтын бұйымдар (сырғалар, сақиналар, білезіктер, шынжырлар, мойыншұмарлар, алқалар).
Лоттар саны – 677 дана. Төлем тәртібі мен мерзімі, сондай-ақ төлем реквизиттері: сатып алу-сату шартының талаптарына сәйкес. Өтінімдерді «Lemon LOMBARD» ЖШС мекенжайы бойынша жіберу керек: Алматы к., Өуезов көшесі, 181, 17-п. немесе lemon@lmm.kz электрондық поштасы бойынша 2024 жылдың 15 қаңтар, сағат 18.00-ге дейін.
Сауда-саттықты өткізу әдісі – Голландтық, Бағаны өзгерту қадамы – 2%.
Сатылым туралы қосымша ақпаратты +7 707 117 90 10 телефоны бойынша алуға болады.



Бас директор –
Ержан ҚАЛЫМБАЙҰЛЫ

Қабылдау бөлмесі:
тел: 293-08-03.

Бас директордың орынбасары –
Абдухалил ЖАЛИЛОВ
тел: 293-08-03 (ішкі 102).

Бас директордың шығармашылық жөніндегі орынбасары –
Гүлжазира СЕЙДАХМЕДОВА
тел.: 293-04-28.

Бас редактор –
Төрехан ДАНИЯР
тел: 293-52-24.

Бас редактордың орынбасары –
Әнуарбек ӘУЕЛБЕК
тел: 293-52-36.

Жауапты хатшы –
Серік ЖҰМАБАЕВ
тел: 293-52-43.

Жаңалықтар мен ақпарат бөлімінің редакторы –
Рая ЕСКЕНДІР

Қала тынысы бөлімінің редакторы –
Нұржамал ӘЛІШЕВА

Шаһар шаруашылығы және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімінің редакторы –
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ
тел: 293-52-36.

Коммерциялық директор –
Қуаныш ДЮСКАЛИЕВ
тел: 293-08-12. E-mail: rekالاتauqparat@gmail.com

Жарнама және тарату бөлімі. E-mail: rekالاتauqparat@gmail.com
тел: 293-08-25

Шығармашылық даму жөніндегі кеңес

Кеңес төрағасы –
Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ

Кеңес мүшелері:
Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,
Сейітқазы МАТАЕВ.

ГАЗЕТТІ ЖЕТКІЗУ БОЙЫНША ШАҒЫМДАР БОЛСА...

«Қазпошта» АҚ Алматы почтамтына:
8 777 078 53 48, 8 747 204 19 70
телефоны арқылы сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін хабарласыңыз



Республикаға тарайтын қоғамдық-саяси қалалық басылым.

Меншік иесі:
«Alatau Aqparat» ЖШС.
E-mail: alatauqparat@gmail.com
Мекенжайымыз:
Индекс: 050022.
Шевченко көшесі, 106 А.

Газет аптасына 2 рет, сейсенбі және жұма күндері шығарылады.
Нөмірдің таралымы – 13 260 дана (жұма)

Кезекші редактор –
Ернұр РЫСБАЙ

Газет "Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат комитеті" республикалық мемлекеттік мекемесінде тіркелген.
Тіркеу туралы № KZ17VPY00085956 куәлігі 19.01.2024 жылы берілген.

Газет «Almaty aqshamy» -ның компьютер орталығында теріліп, беттелді. Суреттердің сапасына редакция жауапты. Жарнама мәтініне жарнама беруші жауап береді. Автордың мақалалары редакция көзқарасын білдірмейді. Газет «Алматы-Болашақ» АҚ-да басылды. 050026, Алматы қаласы, Мұқанов көшесі, 223 В. Тел.: 8 (727) 378-40-08, 378-42-00
Оффсеттік басылым, көлемі 2 баспа табақ.

«Almaty aqshamy» газеті «AIR ASTANA» әуе компаниясының бизнес-класс бортында және «Жолаушылар тасымалы» АҚ пойыздарындағы жолаушыларға қолжетімді.



www.instagram.com/
aqshamy.official



www.facebook.com/
aqshamy.official



web.telegram.
org/k/#@aqshamy_kz



www.youtube.com/
channel/
UCXzM2xrJCHx6Br1ggA

ҚОЛӨНЕР

«ЖАСТАР ТӘЖІРИБЕСІ» ЖОБАСЫ

жастарды қолдаудың негізгі бағдарламаларының бірі

Алматы қаласы Қоғамдық даму басқармасының Қоғамдық даму орталығы бүгінде мегаполисіміздегі студенттер мен елге танымал білікті мамандар арасында білім мен тәжірибе алмасуына жағдай жасап, болашақ мамандарға қолдау көрсетіп, шабыт беру үшін бірегей алаң құрып үлгерген.

Нұржамал
ӘЛІШЕВА

Суреттерді түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Бакытгүл ҚАСЫМЕТОВА,
Қоғамдық даму орталығының
ғылыми және білім беру саласымен
өзара әрекеттесу бөлімінің басшысы:

БІЛІМ МЕН ТӘЖІРИБЕ
ҰШТАСАДЫ

Міне, бүгін тағы бір меморандумға қол қойылды. Бұл серіктестік отандық шығармашылық индустрияны дамыту мен болашақ мамандарды қолдау барысындағы маңызды қадам деп санаймыз. Оқу – бөлек, ал сол оқығаныңызды тәжірибемен ұштастыру – екінші әлем. Сондықтан біз студенттер мен кәсіпорындар арасына алтын көпір орнатып, екі жақты жақындастырып, жастардың жұмысқа орналасып кетуіне жағдай жасауды мақсат еттік. Енді бұл колледж студенттері де Аида Кауменованың танымал сән үйінде эскиз жасаудан бастап, дайын киім тігіп шығарғанға дейінгі процесті үйренуіне мүмкіндігі бар. Осы арқылы сән әлеміне жаңа тыныс беріп, шығармашыл талантты жастарға даңғыл жол көрсетіп беретін боламыз.

ЕҢБЕК АДАМЫ

ЗЕРДЕ

«ТӘУЕЛСІЗДІК ТУЫНДЫЛАРЫ»

С.Мұқанов пен Ғ.Мүсіреповтің әдеби-мемориалдық музей кешенінде «Тәуелсіздік туындылары» атты әдеби көрме-кеші өтті. Шараның мақсаты – жастардың санасына Тәуелсіздік пен мемлекеттіліктің құндылықтарын сіңіру, Отансүйгіштік сезімін қалыптастыру. Ғасырлар бойы ата-бабамыз азаттыққа қол жеткізу жолында арпалысты, бодандықтан бостандыққа жету үшін күресті. Ендеше, бұл Тәуелсіздіктің бізге оңайлықпен келмегенін өскелең жас ұрпақ біліп өсуге тиісті.

Көрмеге тәуелсіздік жылдарында жарық көрген көптеген кітаптар қойылды. Кеш модераторы Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты, филология ғылымының кандидаты, «Құрмет» орденінің иегері, ақын Әділғазы Қайырбеков Тәуелсіздік тағылымдарына тоқталып, іс-шараны ашты.

Кеш қонақтары Желтоқсан оқиғасының ардагерлері. Мәдениет қайраткері, «Құрмет» орденінің иегері, ақын Болат Шарахымбай және Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты, мәдениет үздігі, ақын Аманғазы Кәріпжанәулеті Желтоқсан оқиғасы кезіндегі бастан кешкендері туралы баяндады.

Сол кездегі жастардың бойында қайсарлық пен отаршылдыққа төзбеушілік ерекше көрініс тапқанына тоқталды. Тәуелсіздікке, Отанға, туған жерге арналған ұлттық рухтағы өлеңдерін оқыды. Кешке қатысушылар тарапынан қойылған сұрақтарға жауап берді. Сонымен қатар, «Күміс

ғасыр» белсенді өмір сүру орталығының мүшелері Роза Халыққызы «Көк тудың желбірегені» әнін, Әсия Қуандыкова мен Төлеген Сүйеубаев «Тойбастар» күйін, Тұрған Бейсенбекқызы «Тербеледі тың дала» әнін және Т.Молдағалиевтің «Домбыра» өлеңін оқыды.

Қонақтарға естелікке кітаптар сыйға тартылды.

Назгүл АЛТАЕВА,
Рашида ОТАР,
С.Мұқанов пен Ғ.Мүсіреповтің
әдеби-мемориалдық музей
кешенінің
ғылыми қызметкерлері.

КЕЗДЕСУ

Тәуелсіздік күні құрметіне арналған кешке елдігіміз бен тәуелсіздігімізді жалынды жырымен жырлап келе жатқан айтулы ақын, Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты, С.Мұқанов пен Ғ.Мүсіреповтің мемлекеттік әдеби-мемориалдық музей кешенінің директоры Әділғазы Қайырбеков құрметті қонақ ретінде шақырылды.

«ТӘУЕЛСІЗДІК –
ТІРЕГІМ!»Алматыдағы №107
лицейде мерекелік
кеш өтті

Мерекелік кешке лицей директоры Үмітхан Ақатанұлы, директордың орын-басарлары Бакытгүл Досынбекова мен Ғибрат Жапбасбаевлар бастаған ұжым мүшелері ұстаздар мен оқушылар қатысты.

Алдымен сөз алған Әділғазы Жақсылықұлы Ел тәуелсіздігі мен Желтоқсан оқиғасы туралы салмақты сөз сабақтап, кенінен ой толғады. Өзі де Желтоқсан оқиғасы кезінде алаңға барғанын, сол кездегі көрген-білгендерін байыппен баяндап берді. «Желтоқсан жаңғырығы» поэмасын жазған ақын шығармасынан үзінді оқып берді. Спикер Желтоқсан оқиғасына қатысқан қаһармандардың бірі, қазіргі Мәжіліс депутаты Нұртай Сабильянов туралы да кітабының қалай жазылғаны жайлы әңгімелеп берді. Жиналғандар ақын сөзін ұйып тыңдады. Сынып жетекшісі, тарих пәнінің мұғалімі Айгүл Жұмабекованың ұйымдастыруымен лицейдің 8-сынып оқушылары Желтоқсан оқиғасы мен қаһармандары туралы қойылым қойды. Шәкірттер тыңғылықты дайындалған екен, қойылым өте сәтті шықты. Желтоқсан оқиғасы кезіндегі көріністер жиналғандардың жанын толқытып жүргені шымырлатып, ерекше әсерге бөледі.

Мерекелік кеш аясында оқушыларды «Жас ұлан» ұйымына қабылдау рәсімі өткізілді. Талапкерлер еліміздің патриоты болуға, Мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, туған елі мен жерін, Отанын мақтаныш етуге, үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсетуге, білімге табандылықпен ұмтылуға, «Жас ұлан» ережесін бұлжытпай орындауға ант қабылдады. Кеш қонағы – ақын Әділғазы Қайырбеков пен лицей директоры Үмітхан Ақатанұлы «Жас ұланға» қабылданған оқушыларды құттықтап, болашақтарына ақ жол тілеп, төселгі мен галстук тақты.

Кеш соңынан лицей директоры Үмітхан Ақатанұлы қорытынды сөз сөйлеп, шақыртуды қабыл алып, өзі басқарып отырған ұжыммен кездесуге келген көрнекті ақын Әділғазы Қайырбековке алғыс айтып, шығармашылық табыс тілеп, иығына шапан жапты. Өз кезегінде Әділғазы Жақсылықұлы да осындай мерекелік кешке шақырып, жылы қарсы алғандары үшін лицей ұжымына ризашылығын білдіріп, өзінің «Жандауа» жыр жинағын сыйлады.

Мерекелік кеш лицейдің өнерлі оқушылары дайындаған концертке ұласты. Күмбірлетіп күй тартылды, сызылтып ән шырқалды, жырдан шашу шашылды.

Майра БАЙТУРЕЕВА,
Айгүл ЖҰМАБЕКОВА,
№107 лицей оқытушылары.